

Ашық пікір алаңындағы алпыс минут
2-бет



Әженің мейіріміне зәруміз
5-бет



«Ақ жаулық – аналардың алтын тәжі»
8-бет



ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 7 НАУРЫЗ, 2024 ЖЫЛ №28 (23 350)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz



Көктем көркі – күлкісінде арудың!

Құрметті арулар, ардақты аналар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн сіздердің даналықтарыңыз бен сұлулықтарыңыздың, сарқылмас күш-жісерлеріңіздің символы іспетті. Қазақ халқы ежелден қыз баласын аялап, оған ерекше құрметпен қараған, тәрбиесіне зор көңіл бөлен. Бүгінде ел жадында ел анасы атанып, елдік іс пен Отан қорғауға атсалысқан Домалақ ана, Қызыл ана, Қарқабат, Айша биби, Бонай ханым сияқты тарихи тұлғалардың есімдері сақталған.

Әйелдер қауымы отбасының ұйытқысы, бала тәрбиелеп, ертеңгі болашағымыздың жарқын болуына үлес қосып, отағасына тірек, ақылшы болып осы арқылы қоғамдағы отбасы институтының сақталуына үлес қосып келеді.

Аулы аруларымыз отбасы тіршілігімен қатар күнделікті қызметтерін жауапкершілікпен атқарып, ғылым, бизнес, білім және тағы басқа салаларда еңбек етіп, жауапкершілік пен жоғары кәсібиліктерімен танылуда.

Қадірлі аналар, әпке-қарындастар! Біз барлықтарыңызды осынау мерекемен құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз! Бақытты болыңыздар!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Әр үйге сәуле болып шашылғандар

Көктемнің шуақты мерекесі де өзінің сән-салтанатымен келіп қалды. Нәзікжандардың бір мезгіл құшағы гүлге, жаны нұрға бөленеді. Күні кеше аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев сан салада еңбек етіп жүрген әйелдер қауымымен кездесіп, ашық әңгіме өрбітті. Халықаралық әйелдер күніне орай өткен мерекелік жиында облыс әкімі көпбалалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» тақты.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шуақты мерекенің құрметіне орай Президент Жарлығымен аймағымыздағы 8 көпбалалы ана «Алтын алқа», 39 ана «Күміс алқа» иегері атанып отыр. Бұл басқосуда аймақ басшысының қолынан «Алтын алқа» алу бақыты Закира Мұқымбекқызы мен Галия Қашаубасаға бұйырды. Ал, «Күміс алқамен» Светлана Жұмаділова мен Венера Кентаева марапатталды.

Аймақ басшысы Президент жолдаған құттықтау хатты филология ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Нұрсұлтан Букетоваға табыстады. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, әлеуметтану магистрі, әйелдер

істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссияның мүшесі Татьяна Резвушкинаны Ұлттық комиссияның Алғыс хатымен марапаттады.

– Аналардың мерекесі – өмірдегі ең ізгі мерекенің бірі. Себебі, ана – әрбір адам үшін ең аяулы, ең ардақты жан. Дүниеде анандан қымбат, анандан асыл жан жоқ. Бар жылуын бала тәрбиесіне арнайтын да, отбасылық дәстүрді сақтайтын да аяулы аналарымыз бен асыл әжелеріміз. Сондықтан Аналар мерекесі – біздің барлығымыз үлкен қуанышпен қарсы алатын жақсы бір мерекеміз. Болашағын ойлаған ел, ең алдымен, әйелдерге құрмет көрсетеді. Бұл – өмірдің бұлжымас заңы, – деді өзінің құттықтау сөзінде Ермағанбет Қабулаулы.

Мемлекеттік марапаттарды табыстаған соң әкім жиынға қатысушы жандармен ашық әңгімелесті. Президенттің құттықтауын

алған профессор Нұрсұлтан Букетова алғыс білдіріп, әйелдердің қоғамдағы орны мен беделі жөнінде сөз қозғай өтті.

Балқаш қаласы Аналар кеңесінің төрағасы Альмира Мусина бала тәрбиесі жайлы айтса, бес баланың анасы, оның ішінде үш қызы спорт шеберлігіне үміткер Мария Оспанова отбасы құндылығы жөнінде әңгімеледі.

«Batyl Jurek» қоғамдық қорының Саран қаласындағы филиалының басшысы Бибігүл Стецко қордың атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды.

Қазақстан Республикасының жүзу спорты бойынша еңбек сіңірген жаттықтырушы Евгения Владимировна қазіргі уақытта параспортшыларды дайындап жатыр. Былтыр Азия ойынынан жүздеген орын алған Роман Потаповты жаттықтырған. Жүзу спортына көрсетіліп жүрген мемлекет қамқорлығына ризашылығын жеткізді.

Қарқаралыдағы «Арман» шаруа қожалығының басшысы, кәсіпкер Наталья Александровна да жиында сөз алды. Мемлекеттік тілде еркін көсілген бес баланың анасы ауыл тіршілігіндегі ананың атқарар ролін

сөз етті.

Елу жылға жуық Осакаров аудандық ауруханасында дермато-венерологиялық кабинетінің медбикесі болып қызмет еткен Раиса Ильваниди ауыл медицинасына айрықша назар аударылғанын айтып, алғысын білдірді. Қарағанды университеті морфология кафедрасының профессоры Майда Түсіпбекова да медицина төңірегінде сөз қозғады.

«Тазалық Эксперт» ЖШС қызметкері Дидар Әбдікәрімова да мерекелік кездесуге шақырту алғанына алғысын білдіріп, «көше тазалығымен қоғам боп күресуіміз қажет» деді.

Шет ауданы, Жоғарғы Қайрақтыға қарасты Майбас қыстағында жолдасына қолғабыс етіп, трактор теуіп, шоп шабатын Арайлым Байдашова шаруашылықтарының алдағы жоспарларымен бөлісті.

Мерекелік кездесу соңында Осакаров аудандық мәдени-демалыс орталығының музыкалық жетекшісі Анаргүл Наурызхан «Абзал ана» әнін шырақ берді. Жаны жарыраған меймандар Кеншілер Мәдениет сарайында өтетін мерекелік концертке жол тартты.

• «МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ!»

Әлсіздік әйелдің әлемі емес

«Нәзік жандар» дейміз-ау... Ой түбіне бойласаңыз, орынсыз сипаттама. Себебі, кейінде нәзіктік сөзін әлсіз дегенге тәліп алдық. Солтүстіктегі орман жұртының «Слабый пол» дегенінен калька жасай салғанымыз ғой. Ал, әйел жаны есте әлсіз емес. Мұны басқасы басқа, барсақелмес заманалардан аман қайтқан қазақ жақсы біледі. «Елдігімің қорғаны ерімің мұрагері, ұлы рухтың шырақшысы» деп перзенті үшін жау тылына түскен де осы – әйел. Қазақ қызының қажет болса теңізді кешіп өтер, тіпті, тау төңкерер қуаты бар. Бүтін бір елдің намысын белі қайыспай арқалаған, «Тоғыз ай, он күн толғатқан», аманатына адал жаратылысты қалайша әлсіз дейміз?!

Ерік НАРЫП,
«Ortalyq Qazaqstan»

Филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының тағдыры – құдіреті шексіз жаратушының әйел затына жазған мадақ жыры ма дерсің. Мекемтас Мырзахметов 1932-1933 жылдардағы аштықты көзімен көрген, қынадай қырылған қазақтың қанды жасын алпыс екі тамырымен сезінген. Тумаластарының бірі соғыстан, бірі аштықтан, қалғаны қылша індетінен көз жұмған. Бір атаның ізі жарық жалғаннан жоғалып кетудің аз-ақ алдында қалған ғой. Ал, атадан тұяқ қалмау – қазақ үшін орны толмас қасірет.

12 құрсақ көтерген Мекемтас ақ

сақалдың анасы аштықта жан сақтау үшін бала Мекемтас пен қызын арқалап, жолға шығады. Міне, ұлтына бар құнарын берген асыл перзенттің маңдайына жазылған хикаятының осы бір бөліміне жүрек көзін бұрыңыз.

«1932-1933 жылдары ашаршылық болды. Аштықтан қиналған соң, түс кезінде жездемездің үйіне қарай жолға шықтық. Анам сонда қарындасымды бауырына алып, мені қолымнан жетелеп, аштықтан бұралып әрең жүрді. Жол өнбей, ауылға жақындаған шақта қас қарайып кетті. Бір кезде бізді 3 қасқыр қамап, топырақ шаша бастады. Мен қорыққанымнан анамның етегіне тығыла бастадым. Анам таяғын көтеріп, айғайласа да қасқырлар қаймықпады. Содан анам



қарындасымды жерге қойып, мені арқалай жөнелді. Қасқырлар қарындасымға қарай бас салған болу керек, шар еткен даусы естілді. Біз сол уақытта аман-есен құтылып үлгердік. Кейін барып қарасақ, шашынан басқа ештеңе қалмапты. Бұл – қасірет. Ашаршылық кезінде әр жерде осындай оқиғалар көп болды. Мен оны өз көзіммен көрдім», – деді Мекемтас Мырзахметұлы өз естелігінде.

Қайран ана, даланың төрт аяқты тағысымен емес, өмір дейтін қасқырдың өзімен арпалысқан екен-ау! Етегіне тығылған аш құрсақ баланы қалай да сақтап қалу керек еді. Өйткені, ол – бабадан қалған аманаттай қасіретті Атамекеннің мұрагері, ұлыстың жалғасы. Көкірегі қарс айырылса да аманатқа адал болды. Жыртқыштардың қоршауына түссе де, тасқында тал қармаған қасіретті халқының бір жағалауға жететініне сенді. Бауырындағы Мекемтасқа жұрттың үміті деп қарады. Қайран қазақтың әйелі...

Әйел затының қуаты – махаббат пен мейірім. Сол қуат адамзатты жылытып, сақтап тұр! Жер бетіне газиз аналардың шуағы мен жылуы тарамай қалған күні, кеудемізге мәңгі түнек орнайды.

Сурет ашық дереккөзден

• АНА МЕН БАЛА

Сәби денсаулығы үшін

Еліміздің жеті өңірінде жүкті әйелдерде ұрық диагностикасының тиімділігін арттыруға бағытталған пренаталдық диагностика орталықтарын құру жөніндегі жоба қолға алынды. Жеті өңірдің бірі – Қарағанды облысы.

Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туа біткен ақауларды уақытылы және дәл диагностикалау әйелдің денсаулығы үшін де, болашақ сәби үшін де маңызды.

Жобаның мақсаты – ұрықтың даму ауытқуларының ерте диагностикасын жетілдіру, баланың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатер мен болжамды уақытылы анықтау. Аталған көмек «бір терезе» қағидағымен анықтау жоғары және диагностикалық тиімділігі мол заманауи аппараттарда бір күннің ішінде көрсетіледі.

Еуропалық ұрық медицинасы қорының халықаралық стандарттарына сәйкес кадрлық қамтамасыз ету бөлігінде пренаталдық ультрандыбыстық диагностиканың 200-ге жуық маманы, медициналық генетика бойынша 20 дәрігер оқыды. Сондай-ақ, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Санкт-Петербург қаласындағы Отто атындағы клиникаға 50 пренатолог біліктілік арттыруға жіберілді.

Пилоттық жобаға аумақтық және туу деңгейін ескері отырып, Қарағандыдан бөлек, Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Қызылорда, Түркістан облыстары кірді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 488.73

• USD/KZT 450.53

• RUB/KZT 4.95

• CNY/KZT 62.58

Қазақстан Ұлттық Банкінің 6 наурыз, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ӘКІМ САФАТЫ

Ашық пікір алаңындағы алпыс минут

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «Сауағарқа» телеарнасында тікелей эфирге шығып, көпшілік көкейіндегі сауалдарға жауап қатты. Бір сағатқа созылған тікелей эфирде спикер өңір өміріндегі ең маңызды мәселелер легіне терең тоқталды. «Әкім сағаты» облыс басшысының жұмыс қорытындысы негізінде емес, халық көкейіндегі ортақ сұрақтар аясында жалғасып отырды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның ішінде коммуналдық сала, тұрғын үй, энергетика, экология сынды маңызды жоғары салалар кеңінен қамтылды. «Әкім сағаты» – бұл облыс әкімі тарапынан өңірдің ағымдағы мәселелерін оңтайлы шешуге бағытталған тиісінше назар аудару және шешуші іс-қимыл кезеңі деп ата-сақ болар. Осы алпыс минут ішінде алпыстан астам сауал тікелей эфирге де, арнаулы call орталығына да жолданып жатты. Осы уақыт ішінде әкім едел-жедел жайттарға да мән беріп үлгерді. Жедел желісіне қабылданған сұрақтар тиісті мекемелерге жолданатын болады. Бұл механизм ағымдағы сын-қатерлерге жедел жауап беруге және қоғаммен ашық диалогты сақтауға соны мүмкіндік береді. «Әкім сағаты» шеңберінде әлеуметтік және экономикалық, инфрақұрылымдық жобалар барысы талқыланды. Сонымен қатар, тікелей эфир ашық жұмыс істеуге ықпал ететін қоғамдық кері байланыстың бірегей форматы.

Мұндай тәсіл Қарағанды облысының әкіміне өзгерістерге тиімді ден қоюға және жергілікті халықтың өмірін барынша жақсартуға сөзсіз соны мүмкіндік береді, бұл «әкім сағатын» өңірді дамыту үшін маңызды тетікке айналдырады.

Ә деген бетте толассыз жауған жергілікті жұртшылық сауалдарының дені аймақтағы жылу электр стансаларының жай-күйіне бағытталды. Оның үстіне биыл Шахтинск қаласындағы жылу орталығынан ақау шығып, шаһар тұрғындары жылусыз қалған еді.

– Өңірде 7 станция, 400 қазандық бар. Шахтинск қаласындағы станциядан басқасында қатты қауіп келтіретін жағдай болған жоқ. Шахтинсктегі жағдай – нақтырақ айтқанда көмір сапасына байланысты. Бүгінде «Qatmet» АҚ-да көмір тапшылығы бар. Сондықтан, аталған мәселені дер шағында бақылауға алып, ондағы жылу электр стансасын жөндеуге тиісті қаражат бөлінді. Тиісті жұмыстар атқарылуы. Жалпы, 7 станция бойынша жөндеу жұмыстары үшін бюджеттен қаржы қарастырылмақ. Әуелі, Теміртаудағы «ТЭЦ-2» жылу орталығындағы құрылыс жұмыстарын аяқтау қажет. Сонда қала тұрғындары толық жылумен қамтамасыз етіледі, – деді аймақ басшысы өз сөзінде.

Онан соң әкім сағатындағы

Осы мәселені шешу үшін алдағы уақытта жылу қазандығының құрылысы басталады, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Жол – экономиканың күре тамыры. Әкім сағатында аймақ басшысы жөндеуді қажет ететін жол

құрылды. Жоба – ауқымды. Қаражаты – 3 млрд. теңге. Биыл жоба құнының тек 280 млн. теңгесі бөлінді. Бұнымен тиісті басқарма жұмыс істейді. Басқарманың жоспарына сәйкес қаражаты кезең-кезеңімен бөліп беріледі, –



Сурет облыстық әкімнің кабинетінен

әңгіме ауаны әлеуметтік салаға бұрылды. Биыл өңірде аталған салада біршама соны жанаалықтарға күе болатындаймыз. Мәселен, биыл аймақта 10 «Жайлы мектептің» құрылысы басталады. Оның 4-еуі – облыс орталығында бой көтермек. Ендігі жылы тағы 8 мектептің құрылысы басталады. Оның екеуі – Қарағандыда салынса, қалғаны аудан орталықтарына тиесілі.

Одан бөлек, өңірдегі тозығы жеткен үйлердің мәселесі қарастырылып шешілмек. Саран тұрғындары орталық жылу қазандығына қосылады.

– Әлеуметтік жобалардың ең ауқымдысы – ауылдағы медициналық бекеттер. Биыл 70 бекет ашу жоспарланған. Сонымен қатар, ауылға медицина мамандарын тарту үшін ілімді істер жүргізілуде. Әрі 8 млн. теңгеге дейін өтем ақы қарастырылып отыр, – деді аймақ басшысы «Сауағарқа» телеарнасында өткен тікелей эфирде.

Мұнымен бірге, облыс әкімі Балқаштағы орталық аурухана жағдайына да тоқталды. Биыл ауруханаға толық жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Әрі ондағы барлық техника жаңартылатынын да баса айтты.

– Аурухана қызметінің деңгейі мен сапасын, ондағы дәрігерлердің біліктілігін арттыру қажет. Ауыл-аймақ тұрғындары Қарағандыға келмей-ақ, сол жақтан ем қабылдау үшін ең керекті жағдай жасалғаны абзал. Бұған дейін қалада суық су мәселесі өзекті болып еді. Қазір жұмысы жолға қойылды. Енді қала тұрғындарын орталықтандырылған газ жүйесіне қосу жұмыстары жоспарда тұр. Ал, Саран қаласында 26 жеке жылу қазандығы жұмыс істеп тұр.

дар жайына да мән беріп өтті.

– «Қарағанды-Қарқаралы» жолын жөндеу жұмыстары жоспарлы негізде жүріп жатыр. Өткен жылы біз 50 шақырым жөнделген болатынбыз. Биыл тағы 50 шақырым жолын жөндейміз. Өткен жолы өзім де барып қайтқан болатынмын. Жөнделген жолдар біршама түзеліп қалған екен. Биыл да жұмыстар жалғасын табатын болады. Себебі, Қарқаралы – облысымыздағы туризм саласы дамып келе жатқан аудан. Ал, біз тиісінше бұл саланың дами түскенін қалаймыз. Ол үшін жол сапалы болмақ керек. Сондықтан, бұл мәселе – тікелей біздің басты назарымызда. Биыл жобамен аяқталып қалу керек. Содан кейін Ботақарадан бері қарай екінші жобамыз бар. Сол жобаны бастайтын боламыз, – деді өңір әкімі.

«Жолдың жайын жүрген біледі». Аймақ тұрғындары облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен өткен тікелей эфирде «Қарағанды-Саран», «Қарағанды-Шахтинск» қалааралық автожолдарының мәселесін қоса көтерді. Шұрық тесігі мен ойдым-ойдымы көп жол Қарағандыға қатынап жұмыс істейтіндер үшін едәуір қиындық туғызууда. Бүгінде қалааралық жол күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің біріне айналды. Аймақ басшысы тұрғындардың бұл мәселесіне де жауап берді.

– Бұл мәселені өзім де жақсы білемін. Қала тұрғындарымен кездесіп, жол сапасын көзбен көріп қайттым. Бұған дейін аталған тас жол бойынша тиісті қаражат бөлінген еді. Тіпті, жауапты мердігер ұйым да бекітілді. Алайда, жұмысын соңына дейін аяқтамады. Биыл аталған тас жолы бойынша мәселе қайта көтеріліп, жоспар

леді Ермағанбет Бөлекпаев.

Мәдени ошақтардың заманауи кескін-келбеті – жұртты толғандырып жүрген бір сауал. Мысалға алар болсақ, Қарағандыда 1000 көрермен сиярлық концерт залы жоқ екені баршаға аян. Облыс әкімі «Қарағандыда үлкен концерт залы қашан салынады?» деген көрермен сұрағына былайша жауап берді.

– Иә, білемін, бұл – көптен бері Оңтүстік-Шығыс ауданында күтіліп жүрген ірі жобалардың бірі. Және құрылыстың жобасы да дайын. Өте әдемі жоба. Бірақ, бұл жобаның бюджеті де облысымыз үшін «әдемі» болып тұр. Сарапқа салып, саусақ бүгіп есептеп те көрдік. Құрылыс жұмыстарын бастап алып, кейін жалғастыру одан да көп қаржыны талап етеді. Ал, аймағымызда тұрғындарымыз сауалдарына өзек еткен кезек күттірмейтін өмірлік мәні бар өзге де түйткілдер әбден жетерлік. Сондықтан, алдымен өзіміз байыппен байсалды қалыпта ой елегінен өткізіп алу керек. Ол қаржыны облыс бюджеті көтере ала ма, көтере алмай ма? Жалпы, жоба-жоспарында салынатын орны да қарастырылған, – деп жауап берді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Өткен тікелей эфир барысында облыс әкімі өңірді дамыту тұрғысында маңызды мөлдіме жасай отырып, көрден тәжірибесі мен көшбасшылықтың жоғары деңгейін көрсетті. Оның атқарған істерінің өміршеңдігі мен аймақ тұрғындарының әл-ауқатын көтеруге жолындағы жігерлі ұмтылысы қоғамның бүгінгі келбеті мен болашақты нығайтуға қосқан сүбелі үлесін айшықтайды.

Гүл артық болмайды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Мереке қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақтағы бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек ететін нәзік жандармен кездесті. Гүл сыйлап, ілтінат білдірді. Бейресми бас қосу болса да, өңірдің дамуы үшін маңызды сұрақтар қойылды, салалық мәселелер айтылды. Сондай-ақ, жиналған қыз-келіншектер аймақ басшысының отбасында қандай адам екенін білуге тырысты.

Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Тамақ істеймін, ет те аса аламын, – деді қойылған сұраққа бүкпесіз жауап берген Ермағанбет Қабдулаұлы. – Тек оған уақыты жоқ екені баршаға аян. Облыс әкімі «Қарағандыда үлкен концерт залы қашан салынады?» деген көрермен сұрағына былайша жауап берді.

– Иә, білемін, бұл – көптен бері Оңтүстік-Шығыс ауданында күтіліп жүрген ірі жобалардың бірі. Және құрылыстың жобасы да дайын. Өте әдемі жоба. Бірақ, бұл жобаның бюджеті де облысымыз үшін «әдемі» болып тұр. Сарапқа салып, саусақ бүгіп есептеп те көрдік. Құрылыс жұмыстарын бастап алып, кейін жалғастыру одан да көп қаржыны талап етеді. Ал, аймағымызда тұрғындарымыз сауалдарына өзек еткен кезек күттірмейтін өмірлік мәні бар өзге де түйткілдер әбден жетерлік. Сондықтан, алдымен өзіміз байыппен байсалды қалыпта ой елегінен өткізіп алу керек. Ол қаржыны облыс бюджеті көтере ала ма, көтере алмай ма? Жалпы, жоба-жоспарында салынатын орны да қарастырылған, – деп жауап берді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Өткен тікелей эфир барысында облыс әкімі өңірді дамыту тұрғысында маңызды мөлдіме жасай отырып, көрден тәжірибесі мен көшбасшылықтың жоғары деңгейін көрсетті. Оның атқарған істерінің өміршеңдігі мен аймақ тұрғындарының әл-ауқатын көтеруге жолындағы жігерлі ұмтылысы қоғамның бүгінгі келбеті мен болашақты нығайтуға қосқан сүбелі үлесін айшықтайды.

• ӨЗЕКТІ

Қай өңір қауіп белдеуінде?

1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстанның 72 пайызын қар алып жатыр. Осыған орай «Қазгидромет» РМҚ көктемде су тасқыны орын алуы мүмкін өңірлерді атады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет аймақ дереккерінің алаңында

– Су тасу қаупі жоғары аймақтар: Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстары. Ал, орташа қауіп деңгейінде Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Түркістан және Ұлытау облыстарында. Су тасқыны қаупі аз аймақ Маңғыстау облысы саналды. Жазық өңірлердегі қар қоры аз, алайда жазғы аймақтардың бүкіл жерінде күзгі ылғалдану шамдан жоғары болып тұр, – деді гидрологиялық болжамдар басқармасының бас-

шысы Серік Ибраев. «Қазгидромет» жауын-шашынның мөлшерін, қардағы су қорын, топырақтың күзгі ылғалдылығының көрсеткіштерін, топырақтың қату тереңдігін, сондай-ақ, өзендердің мұз режими мен талдай отырып, су тасқыны қаупі басым аймақтарға алдын ала баға берген.

Серік Ибраевтың айтуынша, тау өзендерінің тасуына көбіне жауын-шашын мөлшері себеп болады. Егер жауын-шашын көп болған жағдайда қауіп туындауы мүмкін.

• КЕЗДЕСУ

Еркін сайлау елдік мүддені көздейді

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Нұрлан Мәжитұлы Әбдіров облыстағы студенттермен кездесу өткізді. Жастарға Қазақстандағы сайлау жүйесін дамытудың өзекті трендтері жайлы әңгімеледі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бас ғимаратындағы кездесуге Қарағанды облысының саяси партиялары және Үкіметтік емес ұйымдар өкілдері де қатысты. Нұрлан Мәжитұлы жастармен кездесуінде Орталық сайлау жүйесінің мәні мен мазмұнын түсіндіріп, 30 жылда елімізде 39 ірі сайлау өткенін тілге тиек етті. ОСК-нің жаңа перспективалық даму стратегиясына, жаңашылдықтарға тоқталды.

Төрағаның айтуынша, жаңашылдықтар халықтың билікке деген сенімін арттырып, Әділетті Қазақстан орнатуға септігін тигізуде. Өткен жылы алғаш рет қанатқақты 42 аудан мен 3 облыстық

маңызы бар қала әкімдерін сайлау өтті. Бір орынға кемінде 2-3 үміткер тіркеліп, сайлаушылардың 62,79 пайызы дауыс беруге қатысты. Сайланған әкімдердің орташа жасы – 46,7 жас.

– Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбатындағы күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор. Осы орайда ОСК-нің ұзақмерзімді болашаққа арналған даму стратегиясын белгіледі. Біздің миссиямыз – азаматтардың еркін сайлау арқылы мемлекетті басқаруға қатысуына жәрдемдесу. Осы миссия ОСК-нің пайымын сайлауға қатысу демократиясын ілгерілетудің кәсіби институты ретінде айқындайды. Құндылықтарымыз – азамат, әділ-



дік, демократия, сенім. Заңның үстемдігіне, ашықтық, инклюзивтілік, кәсібилікке көңіл бөлеміз, – деді Нұрлан Мәжитұлы.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы сондай-ақ, азаматтардың референдумдар мен сайлау барысында еркін таңдауына жағдай туғызу маңызды екенін атады. Бұл жолда негізгі басымдықтар еркін, әділ референдумдар

мен сайлауды басқару және сайлаушылар сеніміне не болу екенін тілге тиек етті. Қоғаммен, ұлттық және халықаралық институттармен өзара іс-қимыл жасасу да маңызды екенін айтты.

Кездесуде спикерлер сайлаудың әділ өтуі жергілікті сайлау комиссияларына байланысты екенін баса айтты. Осы уақытқа дейін сайлау комиссияларының құрамы

жанартылып, өткен жыл мәслихаттар сессияларында өкілеттігі аяқталған сайлау комиссиялары құрамы жаңарған. Соның ішінде учаскелік сайлау комиссияларының 12 344 мүшесі жаңа адамдармен ауыстырылыпты.

– Жастар – қоғамның үлкен құрамдас бөлігі, қозғаушы күші. Қазіргі таңда жастардың сайлау процесі мәселелерінің кең спектрі төңірегінде пікірлері мен ұсыныстарына мән береміз. ОСК жанында 2022 жылы құрылған жаңа диалог алаңдары – Сарапшылық кеңес пен Жас сайлаушылар клубы жүйелі жұмыс істеп келеді. Мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының қызметі де қағидағыз түрде қайта құрылды, – деді Нұрлан Әбдіров.

Кездесуде ұзақ жыл облыстық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарған Ерқара Аймағамбетов Орталық сайлау комиссиясының «Сайлау органдары

жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

Е.Бөкетов атындағы ҚарУ ректоры Нұрлан Дулатбековке Орталық сайлау комиссиясының басмасымен жарық көрген ғылыми басылымдар ұсынылды.

Отырыста сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Шавхат Өтемісов, Астана халықаралық университетінің Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу мәселелерін зерттеу институтының директоры, диалог алаңдары – Сарапшылық кеңес пен Жас сайлаушылар клубы жүйелі жұмыс істеп келеді. М.Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Индира Әубәкірова сөз алып, жиналғандар сұрақтарына жауап берді. Сайлау комиссиялары мүшелерімен кездесуде заңнама мәселелері бойынша семинар өтті.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• АГРОФОРУМ

Ауыл: экономика еңсе тіктейді

Өткен жұма күні Нұра ауданында «NURA AGROFORUM-2024» атты аудандық ауыл шаруашылық форумы ұйымдастырылды. Алқалы басқосуды алғаш Нұра ауданының өткізетін жөні де бар. Өйткені, ауыл шаруашылық саласындағы көрсеткіштерінің көші ілгері. Сонымен, бұл басқосуға облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов, аудан әкімі Бақытжан Мұқанов, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары Еркінбек Әбдіханов, бірқатар облыстағы басқарма өкілдері мен «Қазсушар» РМК, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ, «Азық-түлік корпорациясы» ҰК секілді іргелі ұйымдардың өңірдегі филиал басшылары, фермерлер қатысты.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин өзінің баяндамасын өткен жылы өңірдің агроөнеркәсіптік кешеніне 26,2 млрд. теңге инвестицияланғанынан бастады. Бұл қаржының бір парасы ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға бағытталып жатқанын атап өтті. 15,8 млрд. қаржыға 931 түрлі техника сатып алынған. Қазіргі уақытта аймағымызда 12 мыңға жуық донғалақты және шынжыр табанды трактор, мың жарымға жуық астық, картоп және жемшөп жинайтын комбайн бар.

Мұнымен қоса, өткен жылы 10 млрд. теңгеге жоспарланған 28 жоба іске қосылып, 200-ге жуық жұмыс орны құрылды. Оның ішіндегі жеті жоба осы Нұра ауданында жүзеге асқанын атап өтуіміз керек. «Ақтайлақ», «Гибрат», «Құлтума» шаруа қожалықтары тұқымды асылдандыруға 56 жылқы сатып алды.

«TASS 2004» ЖШС 312 гектар суармалы жер қалпына келтіруге, «Черниговский и Ко» ЖШС-де құны 75 млн. теңге болатын астық тазалайтын машина сатып алынып, орнатылды. Дәл осындай астық құрылғысын «Құланотпес» ЖШС-де орнатқан. Бұдан басқа, мұнда астық қоймаларын қайта жаңарту жүргізілуде. Сондай-ақ, «Карин А» ЖШС ұн тарту кәсіпорнын ашты.



Ауыл халқының табысын арттыру жобасы аясында былтыр 3,4 млрд. теңгеге 456 шағын несиелер берілді. Мұндағы 62 несиені ауыл шаруашылығы кооперативтері мен 394 жеке шаруа қожалығы алды. Нәтижесінде 580-ге жуық жұмыс орны ашылды. Нұра ауданы бойынша 375,9 млн. теңгеге 35 шағын несиелер берілді, – деді Саят Мусин.

Басқарма басшысы ауыл шаруашылығы құрылымдарының алдында тұрған міндеттерді де атап өтті. Енді, осы саладағы өнім өндіру көлемін 563 млрд. теңгеге дейін

жеткізу жоспарланып отыр. Ірі қара мен жылқы, құсты көбейтуге ниетті шаруалар.

Атап айтқанда, ет өндірісі – 124,2 мың тоннаға дейін, сүт – 447,4 мың тоннаға дейін, жұмыртқа – 736,4 млн. данаға дейін өсіруді міндеттеп отыр. Өсімдік шаруашылығы бойынша да өсім ұлғаяды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 600 мың гектарға 71,5 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізіледі. Яғни, егіс алқабының жартысына жуығына. Бұл ретте көктемгі егіс жұмыстарына 17,4

мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Биыл екі оператормен келісім жасалды. «Retail Trade Oil» ЖШС және «Мұнай-компания» ЖШС. Олар ақпан айынан бастап, Қарағанды мен Осакаровкадағы мұнай базаларынан дизель отыны литрін 245 теңгеге сатып жатыр.

Биыл 43,6 млрд. теңгеге 27 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарда бар.

«Ауыл аманаты» ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны іске асыру жалғасады. Бұған биыл 7 млрд. теңге қаржы қарастырылған. 880 шағын несиелер берілді. Бұл дегеніміз, ауылда 930-дан аса жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Осы міндеттердің барлығы Мемлекет басшысының 2028 жылға дейін ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемін екі есеге ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау жөніндегі Жол картасына енгізілген. Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін әлеует бар, оларды барынша пайдаланамыз деп отырмыз, – деп баяндамасын қорытындылады Саят Мусин.

Мұнымен қоса, алқалы басқосуда ауыл шаруашылығына қатысты маңызды мәселелер пысықталды. Көктемгі егіс науқанына дайындық, астық алқабын құнарландыру, жемшөп жинау жөнінде өрбиді. Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары фермерлердің мәселелерін тыңдап, ашық пікір алмасты.

Агрофорум аудандық деңгейде өтті демесеңіз, агросалаға қатысты бірқатар негізгі мәселе өткірі көтерілді. Бастысы, ауыл табысы артпақ. Ауыл байыса, ел экономикасы еңсе тіктейді.

Нұра ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ОРАЗА-2024

Ізгілік айы
құтты болсын!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!
Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірменді Қарағанды облысының тұрғындары!

Баршанызды он екі айдың сұлтаны, қасиетті Рамазанның басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларыңызға бақ пен береке тілеймін!

Жаратушы Жаббар Иеміз әрбір ізгі амалдың сауабы еселеніп жазылатын берекелі айда ұстаған оразамаңызды, жасаған дұғамызды, оқыған намазымызды, орынды себептермен ауыз бекіте алмай қалған жандардың берген садақаларын қабыл етпей!

Рамазанда ауыз бекіткен ісі мұсылман баласы өзін ішіп-жеуден ғана шектемей, жаны мен тәнін жамандықтан сақтап, ізгілікке ұмтылады. Іс-әрекетін мұсылманға тән әдеп аясында орындауға тырысады. Өйткені, Рамазан – кез келген ізгі амалды риясыз ниетпен жасауға тәрбиелейтін, адамды тақуалыққа үйрететін ай. Аштық пен шөлге төзіп, Алла разылығын алу үшін шайнай ниет еткен адамға берілетін сый мен құрмет ерекше болмақ.

Алла Тағала Құдси хадисте: «Ауыз берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Ауыз берік құлымның аштық пен шөлдеу себепінен шыққан ауыз ісі Мен үшін миск өтірінен де қайырлы», – деген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және па-

туа бөлімі Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. елдердің Ғұламалар кеңесімен, потуа саласына жауапты ғалымдармен ақылдаса келе, биылғы Рамазан айының басталатын күні бекітілді.

Ортақ патуаға сәйкес, қасиетті Рамазан айы 11 наурызда басталады. Ал, сәуір айының 5-нен 6-на қараған түн – қасиетті Қадір түні. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде пітір садақасы еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасы негізінде 640 теңге болып бекітілді.

Қадірлі жамағат!
Рамазан – тәубе мен тәрбие, тақуалық пен қанағат, шүкір мен сабыр, мейірім мен қайырымдылық, береке мен бірлік айы. Ораза – сауап жинап, рухани кемелдену айы. Түйіндеп айтқанда, Рамазан – Рабымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай.

Рухани кемелдену айы – Рамазанда барынша әдепсіз әрекет пен қате-кемшіліктен арылып, тұла бойымызда көркем мінез құндылықтарын қалыптастыруға тырысканымыз абзал.

Алла Тағала ниетіміз бен амалымызды қабыл етіп, баршамызды Рамазандан Рамазандыққа дейін айдан аман, жылдан есен кеткізе бергей!

Естай ӘБДІҒАЛИ,
Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қарағанды облысы бойынша өкілі имамы

Технология табиғатқа жәрдемдеседі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл хәлі – көпшіліктің көкейіндегі мәселе. Сондықтан, елімізге бірыңғай экологиялық саясат қажет. Қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін жаңа Экологиялық кодекс қабылдау керек», – деген еді. Бұл бағытта кешенді шаралар кезең-кезеңмен атқарылып келеді. Енді өзекті мәселенің өңірлік маңызына Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің басшысы Дархан Исжанов аймақтық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында егжей-тегжейлі тоқталып өтті. Даярсыз ба, оқырман? Онда әрі қарай оқылық...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәйек

Облыстың Қарағанды, Теміртау және Балқаш секілді ірі қалаларында атмосфералық ауаның сапасы бойынша бірқатар экологиялық проблемалар бар екенін атап өту керек. Мәселен, былтыр облыс бойынша зиянды шығарындылар көлемі – 479, оның ішінде, Қарағанды қаласы – 37,6, Теміртау қаласы – 230,7 және Балқаш қаласы бойынша – 80,7 мың тоннаны құрады. Теміртау шаһарының атмосфералық ауасының негізгі ластаушысы «Qarmet» АҚ-на тиесілі. Ластау үлесі – 87%.

Бұл ретте, бұрнағы инвестор «АрселорМиттал» билыға қарай эмиссияларды 65 мың тоннаға төмендету жөніндегі меморандум шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындамаған. Нақтылар болсақ, 2019-2023 жылдар аралығында келісілген 23 іс-шараның ішінде шаң-газ тазарту жабдықтарын күрделі және ағымдағы жөндеу, түгін құбырларын бөлшектеу әрі монтаждау сияқты жергілікті сипаттағы, қоршаған ортаны жақсартуға айтарлықтай әсер етпейтін 7 іс-шара ғана орындалған.

– Айталық, бұл ретте жоспарланған мерзімде 10 іс-шара орындалмады. Мысалы, электр сүзгілерін, аспирациялық қондырғыларды реконструкциялау шынымен зарарлы шығарындының 8 мың тоннаға төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Яғни, сөзсіз қаланың ауа бассейнінің сапасын жақсартпақ. Бүгінгі «Qarmet» Жол картасының пункттерін орындау бойынша өзіне міндеттеме алған. Жаңа инвестор экологияны жақсарту жөніндегі іс-шаралар атқаратын компанияларды равитациялаудың стратегиялық жоспарын әзірлеу барысында, – деді Дархан Ерғалиұлы.

Түгіннен келген түйткіл

Теміртаудан кейін, негізгі техногендік жүктеме Қарағанды қаласының жотасына бағып тұр. Шаһардың негізгі экологиялық түйткілі – пешпен жылытатын жекелеген үйлердің түзу ұшқан түтіні. Мұндай үйлердің жалпы саны – 26 мыңнан асты. Аталған мәселені оңтайлы шешу мақсатында әкімдік жеке секторды газдандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Бүгінгі таңда 2 323 үй газбен жабдықталды. Газ тарту желілері 6 018 жеке тұрғын үйге жеткізілді.

– Көрсеткіш төмен екенін атап өту қажет. Бұл аймақ ауасының сапасын жақсартуды тежеп тұр. Биыл газдандыру жобаларына бюджеттен 1 млрд. теңге қара-

жат бөлінген. Келесі мәселе, «Kazakhstan Smelting» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауыты жабдықтарының технологиялық тозуынан туындаған Балқаш қаласының атмосфералық ауасының ахуалы. Мыс кенін балқыту кезінде мұндағы негізгі түйткіл – шаң тазарту жабдықтары мен сору жүйелерінің тозуына байланысты шаң газдың таралуы, – деп тізбектеді спикер.

Оның мәлімдеуінше, профилактикалық бақылау шеңберінде жыл соңына дейін кәсіпорынның мыс балқыту цехтарында түгін газдарын ұстау мен тазартудың қолданыстағы жүйелерін толығымен жаңғыртып, ауыстыру қажеттігі туралы тиісті нұсқама берілген. Кәсіпорын зиянды шығарынды атуалысын мейлінше азайту мақсатында іс-шаралар жоспары шеңберінде 2025 жылы күкірт-қышқыл цехының екінші желісін салуды көздеді. Бұл күкірт шығарындыларын 50%-ға дейін төмендетіп, қала экологиясын айтарлықтай жақсартуға игі әсер етеді. Бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжатын әзірлеу амалдары жүргізілуде.

Экологиялық кодекс аясында


Жергілікті экология департаменті скрининг және мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру, экологиялық рұқсат беру, қоршаған ортаға әсерді бағалау қорытындысын беру сияқты мемлекеттік қызметтерді көрсетеді. Аталған мемлекеттік қызметтер кәсіпорындар жобаларының экологиялық заңнамаға сәйкес жүзеге асырылып, қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға септеседі. Былтыр департамент барлығы 771 мемлекеттік қызметті іске асырған. Оның ішінде, скрининг қорытындысы, қоршаған ортаға әсерді бағалау, сараптама қорытындысы, экологиялық рұқсат беру қамтылды. Мемлекеттік қызмет амалдары толығымен автоматтандырылып, «Е-лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады. Облыстың ірі кәсіпорындары 2023 жылы іс-шаралар жоспарын орындауға 7,7 млрд.теңге жұмсаған. Бұл ретте, кәсіпорындар 13,3 млрд.теңгені құрайтын экологиялық төлемдерді салық түрінде төлеген.

Облыс экологиясын жақсартудың тағы бір соны мүмкіндігі, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген іс-шаралар жоспарларын толыққанды орындауы. Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексі шеңберінде, барлық экологиялық төлемдер, қоршаған ортаны

барынша қорғауға бағытталуы тиіс. Мәселен, салалық басқарма 2022-2024 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, онда Ақтоғай ауылында көріз желілерін салу және тазарту құрылыстарын салу, сұрыптау желілерін көздеп отырып, Балқаш қаласында қатты тұрмыстық қал-



Президент тапсырмасын орындай отырып...



дыктар полигонын орнату, облыстың экологиясын жақсартуға бағытталған басқа да іс-шаралар көзделген.

Жол картасының орындалысы

Экологияны жақсарту жөніндегі маңызды құжат Қарағанды облысының 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Жол картасы. Құжатты Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрі және облыс әкімі бекіткен. Жол картасы жалпы 57 іс-шараны қамтиды.

– Айта кету керек, былтыр қазан айында Жол картасы қайта пысықталып, Қарағанды мен Теміртау қалаларын газдандыру, «Kazakhstan Smelting» ЖШС, Балқаш мыс балқыту зауытында күкірт қышқылы цехының екінші желісін салу, Осакаровка ауданының Осакаровка кентінде, Абай ауданының Абай қаласындағы тұрмыстық қалдықтар полигонында көріз желілерін мен тазарту кешенінің құрылыстары бойынша 50 іс-шара жоспарға енді. Жасыл желектер алаңын ұлғайту да зор маңызға ие, – деп тұжырымды Дархан Исжанов.

Өткен жылда Жол картасы бойынша Қарағанды қаласының тасымалдаушылары жергілікті өндірісте 146 жаңа автобус сатып алды. Балқаш қаласының әкімдігі тарапынан орталық жылытуға 50-ден астам тұрғын үй қосылды. «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС кәсіпорны №3 қазандықта бейорганикалық шаңды тазарту



металлургиялық комбинаты» АҚ, «Kazakhstan Smelting» ЖШС, «Карцемент» АҚ сияқты кәсіпорындарда бұл жүйе орнатылған. Ағымдағы жылға «Bassel Group LLS», «Kazakhstan Energy» ЖШС, сынды іргелі кәсіпорындарға орнату межесі тұр, – деп хабарлады спикер.

Ауаның ластану проблемаларымен қатар, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластану мәселесі де бар.

Полигон патуасы

Коммуналдық қалдықтармен күрес заңдастырылмаған қоқыс үйінділерінің санын азайтуға келіп саяды. Қарағанды облысының аумағында қалдықтарды орналастырудың барлығы 168 нысанның бүгінде 51-і заңдастырылған, ал 117-сі заңдастырылмаған және рұқсат құжаттары жоқ. Салалық басқарманың 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл бағытта Қарқаралы, Балқаш, Абай қалаларында және Ботақара, Нұра, Ақадыр кенттерінде сұрыптау тізбегі қарастырылған полигондар орнату сияқты іс-шаралар көзделгенін атап өту қажет. Сондай-ақ, елдімекендер аумағында жыл сайын рұқсат етілмеген қоқыс орындарының пайда болу проблемасы бар, бұл жер ресурстарының сапасына теріс әсер етеді. Ғарыштық мониторинг қорытындысы бойынша облыс аумағында 739 заңсыз қоқыс орны анықталып, оның 680-і тазартылды. Департамент былтыр полиция департаментімен бірлесіп 340 рейттік іс-шара өткізіп, соның нәтижесінде 42 хаттама толтырылған. Сондай-ақ, тұрмыстық қалдықтарды заңсыз орналастырудың 11 фактісі тоқталып, тәртіп бұзушылар жауапқа тартылды.

– Жыл сайын департамент «World Cleanup day» атты дүниежүзілік экологиялық акциясын өткізеді. Оған облыс бойынша 34 939 адам қатысқан болса, шара қорытындысы бойынша полигонға 2 191 тонна тұрмыстық қалдық жиналды. Биыл да осы дүниежүзілік экологиялық акцияны жалғастыру жоспарланған, – деді спикер.

Қоғам құлағы түрік

Сүркей күні сұрауы артқан қоршаған орта қорғаушылары қолынан келген қарекетін жасап-ақ жүр. Брифингте бұршақша жауған тілшілер сауалдарына да департамент басшысы дәйек пен дерегін жұптап жауап қатты. Өйтсе де, бұл бағыттағы Президент тапсырмаларының өңірдегі орындалысында іркілік жоқ. Серпіліс те аңғарылатындай. Өйтсеуір «Даудың басы – даладағы полигон» дегізбес үшін күзиретті мекеме ақпарат айданын оңтайлы пайдаланатыны көрінеді. Оқшауырақ тұрған оқпантай мәселеге бұқпантайламай бетке тік қарап сөйлейтін экологтарға ерікті-еріксіз «ақ-нақағын» айтты деген рәуште қалды БАҚ өкілдері. Нәтиже көңілді нәрнәжу етпеді. Өйткені, экология – күбіжіктенгенді әсте жақтырмайтын ел мәселесі!

Асыл аналар, аяулы арулар!

Осы көктем мерекесінде біз, ер-азаматтар, бізге қуи сайын көрсетіп отырған қамқорлықтарыңыз бен қолдауларыңыз, жылылық көрсеткендеріңіз үшін тағы да шынайы алғысымызды білдіруге мүмкіндік алдық.

Біздің аяулы аналарымыз, жарларымыз, әжелеріміз, апаларымыз, қыздарымыз, Сіздердің арқаларыңызда мәңгілік құндылықтар – махаббат пен отбасы мызғымалды.

«Әйел – қырық шырақты» демекші, Жаратушы Иеміз Сіздердің таусылмайтын бойларыңызға шыдамдылық, жүректеріңізге даналық және бекем сенімділік құйған.

Әйел жаны қанша нәзік болса да, қоғамдағы ең қиын мәселелерді қалай оңай шешетіні және жалғыз өзі небір ауқымды шараны шебер ұйымдастыратыны бізді таң қалдырады.

Әр адам мамандығына қалай адал болуды, елдің ермені үшін аянбай тер төзуді, адал еңбек арқылы табысқа жетуді және түк болмағандай күліп-ойнап жүруді сіздерден үйренсе гой, шіркін!

Шың жүрегімен Сіздердің отбасыңызда сүйікті және ұжымда сыйлы, ел ішінде еңселі болуларыңызға тілектеспін!

Достарыңыз Сіздерді төбесіне көтерсін, аңсаған арман-тілектеріңіз орындалып, биік белестерді бағындыра бергізесіздер!

Сіздер біздің өміріміздің мәні мен сәнісіздер! Біз үшін үнемі нұр шашқан көктемдей өміріміздің хош иісті сүлі болып қаласыздар!

Мейрамдарыңыз құтты, денсаулықтарыңыз мықты болсын!

Мейрам КОЖУХОВ, Қарағанды қаласының әкімі
Алтынтөре БУКЕНОВ, қалалық мәслихаттың төрағасы

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Әйел бейнесі – қоғам бейнесі»

Өмірдің гүлі, көңілдің жыры, отбасының алтын діңгегі – аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет азайған емес. Осы орайда көркем мерекке көрік берер облыстағы үлгілі нәзік жандыларға көңіл бөледі ұйғардық. Мерекелік сұхбаттың кейіпкері – білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Қарағанды облысының білім беру ісінің Құрметті педагогы, халықаралық «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері Ғазиза Смағұлова.

– Ғазиза ханым, Сіз үшін 8 наурыздың ерекшелігі неде?

– Бұл мереке көктемнің лебін әкеледі. Сондықтан ерекше. 8 наурыз халықаралық әйелдер күні жаныма сондай жақын. Жылулық, салқындық, жауын, тіпті, қар, махаббат, сыйластық, ізгілік құндылықтары аралысып, осы көктемнен көрініс табады. Қыз-келіншектердің қолдарына алған гүл шоқтары мерекеге көрік береді. Әйелдерді сыйлау бұл күнге қарап қалмаса да, оларды күйбең тіршіліктен арылттып, көңілдерін аулап, жүзіне күлкі сыйлауда тұрған ештеңе жоқ. Әйелдер де дәл осы күні барынша еркелеуі тиіс.

– Кімнен, қандай сыйлық күтесіз?

– Жалпы, ешқашан сыйлықты жоспарлап алмаймын. Сыйлық ол – сыйлық қой. Ал, мерекеге орайластырсақ, ақ раушандар күтемін. Дегенмен, сыйлық алғаннан бұрын, бергенді жаным қалайды. Көбіне әжемнен қалған күміске ұқсас зергерлік бұйымдар көңіліме жақын. Әйел болғандықтан мейрам қарсаңында жақсы көңіл күйде болғанды ұнатамын. Себебі барлық ізгілік, ілтипат бізге арналады. Ер азаматтар көңіл бөліп, құттықтайды.

– Қошеметке жиі бөлесіз. Сізден «бақытты әйелдің образын» байқаймыз...

– «Бақытты әйел образын» бір ұғымның аясына сыйдыру қиын. Материалдық құндылықтың шеңберіне сыймайды. Сан түрлі жағынан алып қарауға болады. Жер бетіндегі нәзік жандылардың бәрі бақытты әйел болуға лайық. Мен өзімді бақытты әйел санаймын. Жақындарыма көңіл бөліп, қызметін абыроймен атқарған бақытты әйел санатына жатқызымын. Мүмкін, «бақытты әйел образы» замана көшіне ілесе алған нәзік жандылардан байқалатын шығар. Өзім осындай ортада жүргендіктен, әйел бәріне үлгеруі тиіс деп санаймын. Заман өзгеріп, ақпарат ағыны алға озып жатқан шақта, отырып қалмау керек. Көзі



ашық, озық технологиядан хабардар әйел ғана сауатты ұрпақ тәрбиелей алады.

– Сіздің жасыңыз – 70-ге, педагогикалық қызметіңізге – 50 жыл. Қазақ әйеліне нәзіктік пен мықтылықты қатар алып жүру қиын емес пе? Мәңгі жас болып жүрудің сыры неде?

– Жастармен бір толқында болуымнан шығар, «жас көрінесіз» дегенді жиі естимін. Адамдарға жиі ренжімеймін, кек сақтамаймын. Көңілшектігім басым. Үлкен, кіші деп бөліп жармаймын. Пешенемізге жазылған нәрсе болады гой. Сондықтан, қиындық келгенде сабыр етпей жыланып, не жаздым деп шашын жулғаннан пайда жоқ.

Жалпы, қазақ әйелінің образына келсек, «Әйел адам – гүлмен тең» деген данышпан Абай әйел затының бойындағы нәзіктікті, сезімге ерік бере алатын еркіндікті меңзеген. Нәзік әйелдің бойында әлемге ықпал етер алып күш бар. Өйткені ол – Ана. Өмірге саналы ұрпақ әкеледі. Тәрбие беріп, адам қатарына

қосып, қоғамды алға жылжытады.

– Жалпы, Ғазиза есімі арабтан аударғанда – «қушті, қуатты, сирек, бағалы, сүйкімді, қадірлі» деген мағынаны білдіреді екен. «Қыран түлегіне қайтпас

дык. Осының бәрі Алаш ұлдары аңсаған қазақтылықты насихаттау мақсатын көздеді. Әрине, мақсатқа жеттік.

– Ұрпақ тәрбиесіндегі әйел роліне тоқталайықшы. Отбасы институтында бәрін әйелге артып қою дұрыс па?

– Әйелге бәрін артып қою дұрыс емес. Әрине, әрбір әйел отбасына көңіл бөледі. Бірақ, жұмысты да істеп, үй шаруашылығымен де айналысып, әрқашан жақсы көрініп жүретін жандарды білемін. Әйел үшін қоғамда өзін-өзі тану өте маңызды.

Мәселен, қазіргі таңда 8 наурыздың мазмұны мәнге ие болып, әйелдер өздерінің әліс жаратылыс екенін есіне алатын күнге айналып келеді. Бүгінгі таңда әйел адамның қоғамдағы орны ерекшеленіп, ер адам айналысатын кәсіптерге де белсене араласуда. Әйелдер небір кәсіп түрін меңгеріп, мансабын дөңгелетуде. Ақылы мен білімін қатар алып жүрген нәзік жандылар, отбасы институтында кімнің орны қай жерде екенін жақсы біледі деген ойдамын.

– Көп жағдайда қоғам «ақылына көркі – сай» әйелге жасалған зұлымдыққа көз жұмады. Белгілі бір топ әлеуметтік желіде жария қылмаса, әйелді қорлайтындар көбейгені рас қой?

– Өкінішке қарай, қоғам тарапынан әйел құқығы қорғалмай тұр. Нәзік әрі әліс әйелді кез келген балағаттап, ұрып-соғып кететін жағдайға жетті. Президент балалар мен әйелдерге қатысты Заңға толықтырулар енгізді. Алдағы уақытта әйелдің құқығы қоғам назарында қорғалады деген сенім басым.

– Мерекеге арнау Сізден болсын...?

– Жаныма жақын барша қыз-келіншектерді Аналар мерекесімен құттықтаймын! Бұл күні күйбең тіршіліктен бір уақ демалып, бір-бірімізге көңіл бөлейік. Барша ер азаматтар әйелдер қауымын құттықтап, қыз-келіншектерге кішіпейлділік көрсетсе екен. Әр әулеттің ұйытқысы, қамқоршысы, шырағы болған аналар, қыз-келіншектердің көңілін көтеріп, жақсылық тілейік.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет! Әңгімелескен Анулым СОВЕТ Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ЖЫР-ШАШУ



ӘКЕ

Әке кейде көремін жүзінен мұң, Әжім басқан бейнең де тым сұрғылттың. Жеткізем деп баланды бір тынбадың, Тек бір өзің, тура жол көрсетер шың.

Әке сенің жолыңды қуып барам, Дәл өзіндей өлеңге жуық балаң. Дәл өзіндей кей-кейде бой таратып, Дәл өзіндей өмірді сүйіп барам.

Әке сенің жолыңмен жүріп барам, Дәл өзіндей кей кезде күйіп-налам. Дәл өзіндей бір сөзді айтып алып, «Мұным не?» деп, соңынан тұрып қалам.

Әке сенің ізіңнен еріп барам, Дәл өзіндей жақсымен серік балаң. Дәл өзіндей мейірімге елжіреумен, Дәл өзіннің жолыңмен жүріп барам!

КӨКТЕМ

Мезгіл жетіп, көктем келді. Ағаштар да бүр жарды. Дала да әсем түрге енді. Бәйшешек тесті қарды.

Дала оянып, құс оралды. Тіршілік те қызуда. Күллі дала гүлге оранды. Жер анамыз жылуға.

Шешек атып бүкіл айлақ. Табиғатқа сән кірді. Төлдеп жатыр бота-тайлақ, Адамзатқа жан кірді.

Ауыл сырты алтыбақан Жастар шулап, мәз-мейрам. Қойшылар да малды баққан, Бұл күнде қалды қайран.

Жоғалып уайым қайғы, Ағайын кешер бір-бірін. Тең қылған күн мен айды, Естірттер көктем үнін.

Арулар шуағын шашар, Тал шыбықтай тербеліп. Бірінен сүлу бірі асар, Әдемі бір күйге еніп.

Аружан ӘСЕМЖАНҚЫЗЫ, «Болашақ» колледжінің I курс студенті

• ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Арумен әлем әдемі

Ер – түздің, әйел – үйдің адамы екенін қайталап айту – артық. Мұны ежелден табиғат өзі-ақ ескіп, бас-басымызға еншілеп бөліп берген. Осынау қағидат бұлжыған да емес. Қанша ғасыр, нешеме дәуір өтсе де, бұлжымайды да. Тасқа түсіп, таңба боп басылмаса да. Әйелдің маңдайына тағдырдың жазуы сол-тын. Бірақ бір нәрсені ескеру қажет. Ол – уақыттың бір орында тұрмайтындығы. Қоғамның ауыспалылығы. Заманның көші де, желі де өзгеріске бейімдігі. Содан да бүгін дүние жүзі әйелді тек ошақ қасынан ғана көрмейді. Хауа ананың ұрпағы жұмсақ жаратылысымен қоғамды дамытуға кіріскен. Осылайша, әйел заты әлеуетін әлемге әлдеқашан дәлелдеді. Бұл – «кім екенін ұмытып кетті» дегендік емес. Қайта қандай қабілеттің қаперден тысқары қалып жатқанын көрсетті. Осы күні қазақтың қаншама қыз-келіншегі қоғамды жетелеудің алдыңғы легінде жүр. Нәзіктікті, әрі қайсарлық, төзім мен тәуекелдің туын жыққан кезі жоқ. XXI ғасырда жолы жіңішке қауымның күрмеулі мәселедегі көп түйінді шешкенін мойындау қажет. Алайда, ол ер-азаматтың тағы мен бағына таласу емес. Қайта азаматтар арқалаған ауыр жүкті жеңілдетуге, көтерісіп, бөлсуге ұмтылыс. Жетпегенді жетілдіру, толмай тұрғанды толтыру ғана. Әйел – эманда ердің тылы. Тыл мықтылығы жауға алдырмасы аян...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – бәсеке емес, тылдың бекемдігі

Әйелдің қоғамдағы орны дегенде, көз алдымызға от басы, бала баққан қыз-келіншектерден бастап, бүгінде ел билігінде жүрген жандар келеді.

Әлбетте, әр ұлттың «мен мұнда лаған» менталитеті бар. Одан бөлек, жазылмаған, әйтсе де, қанға туа сінген, ата-бабадан жазу-сызусыз-ақ жалғасқан салт-дәстүр, ғұрпы және бар. Оны өзін сыйлайтын, қадірлейтін ешбір ұлт, я ұлыс жоққа шығармайды. Ол – қазығы. Тіпті, ұлттың – күн жүйесі. Қалғаны – Күн жүйесін айналған сегіз ғаламшар секілді дүниелер. Тек соны әркім өз болмысына сай сініру арқылы мына қоғамның көшінен қалмайды. Көшіріп емес, ұлттық кодты өшіріп алмайтын әрекет қажет қай істе. Жаңалық атаулыны әр ел өзіннің бітіміне қарай бейімдемесе, оның жібеке жапсырған жамаяу секілді оғаш көрінісі тағы хак.

Жер шары гендерлік теңдік туралы сөз қозғағанда Қазақстан да үнсіз қала алмайды. Әлемдік қауымдастықтың бір бөлшегі ретінде біздің мемлекет те бұл туралы тұжырымдама қабылдағаны мәлім. Бұл – ер мен әйелдің бәсекесі емес. Керісінше, қоғам деп аталған мынау ортаның озық үлгісін жасауда



жынысқа бөлінбей әрекет ету. Ал қазіргі статистика әйел затының қоғамдағы орнының күмістей салмақтылығын паш етеді.

«Еліміздегі әйелдер қауымы мемлекеттік қолдау шараларын белсенді пайдаланады. Бүгінгі таңда жеке кәсібин дөңгелетіп, табысқа жеткен ардуларымыз аз емес. Шағын және орта бизнесті меңгерген қыз-келіншектер де көп.

...Елімізде әйелдер қауымының экономикадағы ролі артауда. Искер аруларымыздың арқасында 1 миллионнан астам азаматымыз тұрақты жұмыспен

қамтылып отыр.

Бүгінгі қоғамды әйел араласуынсыз елестету мүмкін емес болып қалды. Қыз-келіншектер әр салада ер-азаматпен тең еңбек етіп жатыр», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Бәсеке емес, тылдың бекемдігі осы болса керек-ті.

Экономика һәм бұрымдылар

– Әйелдің қоғамдағы орны қашан да маңызды. Сонау отбасынан басталатын құндылықтан бері қарай жалғаса-

тын мемлекет мүддесінде де орны ала-бөтен. Біздің ел бұл орайда жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Гендерлік саясат аясында қыз-келіншектер қоғамға орасан зор үлес қосуда. Сол арқылы елдің ұйытқысына айналды. «Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – әйелдерге ұдайы қолдау көрсету, олардың дамуына жан-жақты жағдай жасау. 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының мәні ерекше. Бұл маңызды құжат осы бағыттағы жұмысымызға айрықша серпін беріп отыр. Еліміздегі әйелдер

ма шығарушы ұйымдарда әйелдердің үлесі 30 пайыздан кем болмауы тиіс. Бұл дегеніміз, зор серпін. Оның үстіне гендерлік саясат, әйелдердің қоғамдағы орны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұдайы назарында. Сондықтан да, жалпы, қоғамдағы әйелдің белсенділігі осы күні аса жоғары деуге әбден негіз бар. Соның жарқын дәлеліндей олар әр салада еңбек етуде. Соның ішінде, кәсіпкерлікте де үлес салмағы басым. Өзіміздің өңірде де кәсіпкерлікті ұрысқыла иірген қыз-келіншектер жетерлік», – дейді Айжан Қиясова Қарағанды қалалық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары.

Халықтың үштен біріне жұмыс ұсынды

Бұған дейін жария етілген деректер Қарағанды облысында 42 мыңға жуық кәсіпкерлік нысанды әйелдердің басқаратынын айтады. Бұл болса, аймақтағы кәсіпкерліктің тең жартысына жуығы. Сөйтіп, аймақтағы жұмыспен қамтылғандардың үштен біріне напақа тауып беріп отыр. Олар саудада ғана емес, қызмет көрсетудің әр түрінде, жылжымалы мүлік нарығында, өнеркәсіпте, тіпті, ауыл шаруашылығында кәсіп ашқан. Кәсіпкерліктегі әйелдердің 82 пайызы – жеке кәсіпте. 12 пайызы – заңды тұлға. 6 пайызы – шаруа қожалығын басқарады екен.

Кәсіпкер ханымдардың 25 пайызы облыс орталығында тіркелген. Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту қорының дерегінше, былтыр 22 ханым қордан кәсіпкерлікті дамыту үшін 14,3 млн. теңге алған. Осыған дейінгі ақпараттар әйел кәсіпкерлігінде еліміз бойынша Қарағанды облысының алдыңғы қатарда екенін көрсеткен болатын.

Бұдан бөлек, арулар мемлекет ісінде де жүр. Әзірге ондағы үлес салмағы аз. Ойткенмен, деректер әйелдердің жұмысқа тиянақты әрі сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтінін

Зерттеулерге зейін қойсақ...

HeadHunter зерттеуінің нәтижелері Қазақстандағы еңбек нарығындағы әйелдер үлесін жариялады. Мәселен, 2023 жылы әйелдерді қызметке шақырған 5 сала анықталған. Олар – медицина, фармацевтика, дәріхана (75%), бухгалтерлік есеп (69%), персоналды басқару (61%), білім беру мекемелері (59%), өнер, мәдениет (56%). McKinsey жүргізген зерттеулері топ-менеджерлері арасында әйелдер бар фирмалар тек ер адамдар басқаратын ұйымдарға қарағанда кірісі жоғары екенін көрсеткен. Жалпы, әлемдік зерттеулер әйел басшылары бар компаниялардың гүл-гүл жайнағанын, оларда тәртіп пен жетістік барын айтақпаған. Мәңгінің бәрін өзіміз білмейміз ғана көруге, соны орнатуға ұмтылатын әйел затының болмысы да сол емес пе? Ендеше зерттеулердің зая емес екені дәлел. Жалпы, әйел жүрген жер әлемі екені шүбәсіз гой...

• ИШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Әженің мейіріміне зәруміз

8 наурыз келсе, «ана» дейміз, «әйел» дейміз. Осы бір мейрамды екі-ақ сөзбен ажарландырамыз. Бірақ, қазақ баласының жұмыр жүрегін ғұмыр жұлдызы ағып түскенге дейін мекендейтін әже деген жарық жалғандағы ең аяулы сөзді ұмытып кетеміз. Әженің берген тәрбиесін, тәлімін, өнегесін жалпақ жәһандағы ешбір университет, академия алмастыра алмас, сірә. Өйткені, «Махаббатпен жаратқан адамзатты» (Абай)! «Махаббатсыз – дүние дос» дейді тағы. Бәрінің бастауы – махаббат! Онысыз бәрі беркер. Сол күдірет балаға әжесінің құшағынан, жанарынан, алақанынан, сөзінен дарыса керек.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Пәленшені өлтіріпті, пәленшені соққыға жығыпты, тонапты, қорлапты...» Қазақстанның түпкір-түпкірінен жаңбырша жауған осындай жаңалықтарды естіп отырып, жаныңыз түршігеді. Мына қоғам алжасып бара жатқандай. Адамдар неге сонша қатыгез болып барады деген сауал өзегіңді тырнайды. Жауап іздеу жолында кәнігі психолог мамандардың сараптамасына еріксіз аялдадық. Себебі, бүгінгі адамның ішкі әлеміне үңілуіміз керек болды. Бүгінгі адам, қандай адам? Мамандардың сөзіне сенсек, есірткіге, алкагольдік ішімдікке, қатыгездікке көбіне махаббатқа зәру болып өскендер ұрынады екен. Кеуде түпкіріне қатқан кек, ашу, жалғыздық сыртқа шықпай қоймайды-мыс. Әлеуметтік желі қайда қалды дейсіз ғой? Махаббат пен мейірімге қанып өскен бала, күніне мың бір сандырақ, пәле көрсе де ізгіліктен, иманнан ажырамайды екен. Діңгегі жуан ағаштай. Үдей соққан дауыл болмаса, анау-мынау желден тербеле қоймас. Мұны да әлгі психологтарыңыз айтып отыр. Үңіленсіз, канпезерлер мен жауыздар туралы түсірілген фильмдердің барлығында дерлік осы мораль. Қатыгездік – мейірімге зәру кеудеден шыққан жаңғырық...

Жауап іздеу жолында бес құрсақ көтерген, бүгінде немере мен шөбере бағып отырған Жұбанайым Жұмақанқызы есімді әжейдің үйіне ат басын тіредік. Өзі де ата-сы мен әжесінің қолында өскен екен. Жалғыз ұлының бес баласын өзі бағып-қаққан. Еңбекке баулып, өмір туралы толғамды ойларын күнде айтып, саналарына құйып отыр. Шәй ішіп отырып, қоныр әңгімені бастап кетті.

– Менің көргенім көп. Өткерген ғұмырды саралап, түйгенім бар. Бала тәрбиеледім. Бала-арым жаман болмады. Жаратқанға тәубе, жерге қаратпады. Жалғыз ұлым үйленгеннен кейін бар білгенімді келіміне үйреттім. Қажет жерде жол нұсқадым. Ақылымды айтып отырамын. Келінінің ақылы болғанын әр ене қалайды ғой. Өйткені, келешек ұрпақты құрсағында көтереді. Ол ұрпақ бір ғана әулеттің емес, ұлттың жалғасы деп қарауымыз тиіс. Ұлтына жаның ашыса, баланды



тісінінше тәрбиелеген жөн. Қазір міне, көзімің қарашығандай немерелерімді бағып отырмын. Үлкен немерем өзіме тартыпты. Қолөнерге жақын. Менімен бірге құрақ құрайды, іс тігеді. Бала ес білген сәттен бастап ала жіпті аттамау, біреудің ақысын жемеу деген сөздерді естіп өсуі тиіс. Обал мен сауаптың не екенін айту керек. Осылардан артық өсиет жоқ бала үшін. Иман деген осылардан құралады. Сосын, бала деген қашан да махаббатқа зәру. Әкесі жұмыста, шешесі күнделікті үй шаруаларымен айналысып жүріп, балаға қажетті уақыттарын бөле алмай жатады. Оған түсіністіктен қараймын. Заманның келбеті сол болып тұр. Меніңше, баланы балабақша емес, әжесі қарау керек. Халқымыз «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп тегін айтпаған. Балабақшада не үйретеді дейсің?! Әжелер, тіпті, баланың анасынан да артық тәрбиелейді. Өйткені, әжеде өмірлік тәжірибе көп. Осыны көбісі ескермейді. «Балаң – өскенше, немерең – өлгенше» дейміз тағы өміреніп. Ата мен әженің қолында өскендер жаман болмайды.

Менің үлкен уайымым бар. Қазірде балалар әлгі смартфондардан көз алмайды. Бұл – үлкен қатер. Күні бойы осылардың экранға көп қарамауын қадағалаймын. Тіпті тастап отырмаса, ақымақ боп өседі. Баланы қатыгездікке үйретеді. Бос күлкі, орынсыз

«Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл оңай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс...»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ
Түркістандағы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінен

қылжақ... Сондайды сініріп өскен баладан не қайыр күтесіз?! «Балаң жақсы болсын десең, аяма» дептіз тағы. Қарап отырсаңыз, қазақтың әр сөзі – тәрбие мектебі. Ұрпағыңыздың қолында әдемі қартайғыңыз келсе, ел алдында еңсем тік болсын десеңіз, перзентіңіздің жүрегіне мейірімді молынан құйыңыз, – деді әжей.

Бізге дейінгі қоғам жөнінде тек оқулықтар сөйлейді. Бірақ, ол өткен шак. Әр буын өз қоғамын өзі қалыптастырады.

Баһадүр бабаларымыз шет-шеті көрінбейтін байтақ даланы қасық қаны қалғанша қорғады. Ұлы рухтың алауын өшірмей, ғасырдан ғасырға жеткізді. Ұрпағының келешегін ойлады. Жүйрікті құлынынан танығандай, баланы да танып, сол дара туған ерлерін осы бір жаратқанның назары түскен ұлтты сақтау үшін жауға да, дауға да дайындады. Қазаққа қой үстіне бозторғай ұялаған заман сыйлаған Абылайды Төле бидің танығаны секілді. Батыр болады-ау дегендеріне – тұлым, би, шешен болады-ау дегендеріне – айдар тақты. Болжамына қарай тәрбиеледі, баптады. Ұрпағына ерлігі үлгі болсын деп, ерліктерін балбалдарға қашап жазды. Кішкентайынан батырлық жыр-дастандарды жаттатты. Сол арқылы баланың кеудесіндегі рух қанжарын қайрады. «Қалың қолдан қайтпаған» дейді батырлар жырында. Артындағы қасиетті

Атамекен үшін, есіл ел үшін қалың қолдан қайтпайтын нендей рух?! Қайдан келген алапат күш?! Ерді ер ететін – махаббат! Жауабы – осы ғана. Әке мен анаға, бауыр, қарындасқа, ағайынға, ұлт келешегін дүниеге әкелген жарға, әруақты бабасы мәңгілікке дамыл тапқан төбелерге деген шексіз махаббат! Ұлым – құл, қызым – құң болмасын дейді. Күдіретті махаббат жігіттің басына төбеден түсе салмасы анық. Шаңырақтағы ата мен әженің, тар құрсағын кеніткен ананың мейірімді, жылы жүрегінен дарыса керек. Мұны қазақ екі-ақ ауыз сөзбен қайырып қойған. «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» дейді.

Алай-дүлей заманалардан аман шығып, бүгінде осындай жарқын күнде түтінін түзу ұшырып отырған қазақтың келешегі әр саналы азаматтың уайымы екені сөзсіз. Батыр бабамның өзендей аққан қанымен, перзентін аңсаған, жоқтаған аналардың селдей жа-сымен келген осы елдік ғасырдан ғасырға жетсе дейміз. «Елу жылда ел жаңа» деген. Елу жылдан кейін келетін ұрпақтың келбеті қандай болмақ? Елдікті сақтай ала ма? Сақтай алады әрине! Тек, тәрбиелей білсек болғаны.

Бүгінгі қоғамға әжелер институты керек секілді. Қазақтың жас ұрпағы – әженің махаббатына зәру.

Суретті түсірген автор

Әлемнің мәні – әйелде!

Әйел адам – гүлмен тең.

Абай ҚҰНАНБАЕВ

Әйел – ердің тәңірі, жарата да алады, сүйдіре де алады, күйдіре де алады.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Адамдықтың негізі – әйел

Мұхтар ӘУЕЗОВ

Қазақ әйелі аз ғана жәрдем бергеніңді ұмытпайды, тезірек еселеп қайтаруға тырысады...

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Біздің жерімізде еркек – діңгек, әйел – гүл. Діңгек – жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда «қу бас» деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат «жемесіміз» ешқашан да болмайды.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

Әйел затын, жалпы, нәзік деп атайды ғой. Бос сөз. Мықтының ең мықтысы, көнбістің ең көнбісі әйелдер екені мен кіммен де дауласуға бармын.

Бердібек СОҚПАҚБАЕВ

«Оппозиция – әйеліңнен басталады». Ол – сенің жанашырың.

Қадыр Мырза ӘЛИ

Мәдениеттілігің мәртебелі әйеліңе қалай қарайтыныңмен өлшенеді.

Максим ГОРЬКИЙ

Түркілік қоғамда әйелдерге кең құқықтар берілген, олар мемлекеттік істерге белсене араласқан. Тақтын мұрагерін ана тәрбиелеген.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Шын сүйе білетін барлық әйел – патшайым.

Александр КУПРИН

Ана жүрегі тым терең, сол тереңдіктен сіз кеірім таба аласыз.

Оноре де БАЛЬЗАК

Нәзіктік атаулының жымын-тығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя.

Виктор ГЮГО

Дүниеде әйелдің көзінен артық қызықтыра алатын, әйелдің көзінен артық сиқырлап тартып кете алатын күш жоқ қой деймін. Байлық, бақ, мансап, тіпті қоғамдық дәреже дегендердің бірде-бірінде ондай күш жоқ. Бәрі бірге қосақталып келіп мойныма асыла кетсе, мен бәрін сілкіп тастап, оқтай қадалған әйел көзіне қарай жүре берер едім.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Қараған сайын жүзі бал-бұл жана мүсетін бойжеткен алдында жан рахатын кешуден асқан өміршеңдік жоқ.

Роберт ВАЛЬЗЕР

Әже күлгенде, оның бетіндегі сызықтар ешбір кітап өзгерте алмайтын ұрпақтар тарихын көрсететін эпикалық әңгімеге айналады.

Кертис ТАЙРОН ДЖОНС

Әйелдер – біздің өміріміздің шырағы.

Наполеон БОНАПАРТ

Әйелдер күннің жылуы сияқты, оларсыз әлем суық және қараңғы.

Уильям ШЕКСПИР

Әйелдің бақыты – оның отбасының бақыты

Лев ТОЛСТОЙ

Әйелдерді түсіну мүмкін емес, бірақ оларды сүю мүмкін.

Оскар УАЙЛЬД

Әйелдер біздің құпиямыз және шабыт көзі

Альберт ЭЙНШТЕЙН

Әйелдер – өмірдің гүлдері, оларсыз әлем тұсыз

Фридрих НИЦШЕ

Әйелдердің махаббаты – адамзаттың ең ұлы қазынасы.

Жан-Жак РУССО

• ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Арманын аялаған Арқа аруы

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды дүркіреп тұрған күн. «Шалқыма» концерт залында шерпте күйдің шебері Әбікен Хасеновтің 130 жылдығына арналған күй кеші өтейін деп жатыр. Күйші Біләл Ысқақов пен күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбаев және Қайрат Айтпаев өнер көрсетпек. Өңкей алыптар мен қайталанбас таланттар. Соларды бір көру үшін, тыңдау үшін қазақ руханиятының қара бақанындай шаһардың элитасы залға лық толды. Күй кешін газетке жазу үшін мен келген едім. Көкейде – мына кештің тізінін кім ұстайды деген үлкен сауал. Өйткені, мұндай ортада жүргізуші болуға әркімнің жүрегі дауалай бермейді. Желі-желпі эстрада болса, онда басқа әңгіме. Төбемізде рух қалықтап тұрғандай. Кім шықса да, өзінің төл білгенін үн қата алуы тиіс. Әйтпесе, бәрі зая. Бір кем дүние дегізбеу керек. Бір сөзге залдың іші тым-тырыс болды да қалды. Фанфар қосылып, ортаға күндей жарқырап Мейрамгүл Кәріпжанова шықты. Арқаның маңдайы жарқыраған Мейрамгүл.

Сахна адамына тән келбет, қоныраудай үн, бәрі-бәрі бір бой-

ына сыйып кеткендей. Еңсесін тік ұстап, сөзбен жеткізуге келмейтін тылсымды көзімен жеткізіп тұрғандай. Тұрған тұрысынан асқақ мінезін көрсетіп. Өнер үшін талай құрбандыққа барған, серт еткен, серт қолында тағдырымен талай бәстесіп, талай аман шыққан қайсар хәм нәзік әйел затының мінезі. Мынау жарық жалғанға сахна үшін туылған ба дерсің. Сөз басын Әбікеннің «Қоңырымен» бастады. «Қоңыр» – аштықты, қуғын-сүргінді, соғысты көрген қазақ болып ақтарылады. Қызыл жеңдетің қолынан қаза тапқан жұрттың зарын естіретің. Есесі кеткен есіл ұрпақтың шерін айтады. Тұтас бір дәуірдің иісін, дауысын, түсін кеуденіңдегі жұмыр етке әкеліп тастай салады» деді. Басталған бетте қалың тыңдарманды осылайша есінен тандырды да тастады. Бәрі тым-тырыс. Пенде ұқпас күйдің тілін тәпсірлей салды. Жүректің түпкірінен бұрқылдап шыққан осы сөзден кейін «Қоңыр» күйін тыңдауға асықтық. «Сахнада күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері – Жанғали Жүзбаев!» Залдың ішін Мейрамгүл ханымның дауысы көмкеріп кетті.

Сол кештен кейін Мейрамгүл ханым жұргізетін әр концерттен қалмайтын боп алдым. Өнші,



күйші, ақын дейміз. Қарағанды ешқайсынан да кенде емес. Шебер құдай Арқаның топырағына аямай берген екен! Бірақ, сол басы ноктаға сыймайтын дарын иелерін бір сахнаға ретімен сыйғыза білген, әр сөзін нөмірлер арасындағы алтын көпірдей еткен жүргізушілер қауымын елей бермейді

екенбіз-ау...

Қарағандыдағы үлкен концерттердің сценарийінде осы Мейрамгүл Кәріпжанованың қолтаңбасы бар. Біреу білер, біреу білмес. Оның әр сөзге бояу қосып, өзінің түрлендіретін ерекше дауысы өнерсүйер қауымның жадына бекітелі қашан. Ол осы қал-

пында көктен түсе салған жоқ...

Мейрамгүл Кәріпжанова Ақтоғайда дүниеге келген. Өзінің сөзінше, оған өнер нағашыларынан дарыса керек. Сахнаға да сол нағашылары баулыған. Мектеп кезінен өнерге іңкәр болған қаршадай қыз сахнада ән шырқап, би де билеген. Өз бойында бұлқынған күдіретті ерте сезінгені шығар, атағы мен даңқы Алаш жұртына жайылған Алтынбек Қоразбаевқа «мені өзіңізге шәкірт етіңіз» деп Ақсораңнан сонау Алаудың етегіндегі Алматыға хат жазыпты. Жаратқан тілеуін қабыл етсе керек, күндердің бір күнінде Қарағандыға Алтынбек Қоразбаев келіп, концерт беріпті. Сол кезде хатына жауап ала алмай тасынған сәби жүрек тағы да өкпе-назын қағазға төгіп, Алтынбек Қоразбаевқа жеткізген. Өн аспанында қалықтаған Алтынбек Қоразбаев: «Маған хат жазған қайсар қыз қайда? Менімен таныстырыңдар» деп өтініш жасаған. Мынау кен жаһанға көз тастасаңыз, адам мен адам кезікпейтіндей көрінді. Бірақ, шебер құдай тасқа тасты шағып, от шығарғандай қылады екен. Миллиондаған тағдыр жолтаңдарының шмайында кеудесіне таудай арман сыйып кеткен Мейрамгүлдің тағдыр жолы Алтынбек Қоразбаевпен осы кенді шаһарда түйіскен. Сол сәттен бастап, арма-

ны Ақсораңнан сәл ғана аласа бала Мейрамгүлдің үлкен жолы басталды. Арқадан Алатауға тұтанған отын үрлеп жолға шықты...

Қолда бардың қадірін білмеу – адам баласының қанына сіңген кемшілігі-ау осы?! Арқаның қылытырағанды жақтыра бермейтін талғамы биік паң жұрты осы Мейрамгүл Кәріпжанованың қазақ әнінің дүлдүлі Жәнібек Кәрменовтен сабақ алғанын біле ме екен? Қазақ әніне өзіндік қолтаңбасын қалдырған Мейрамбек Беспаевтармен қатар жүргенінен де хабарсыз, бәлкім. Міне, сол талант несі бұл күнде Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікте еңбек етіп жүр. Ұлттық рухты сілкірі, саналы хәм сәулеті сөз талап етілген жоғары деңгейдегі кештер осы Мейрамгүл Кәріпжановаға сеніп тапсырылады.

«Ақындар провинцияда туып, Парижде өледі» деген мәтел бар ел арасында. Қазақша айтсақ, «ақынның бәрі ауылда туып, Алматыда өледі». Мұны Қарағанды жөкқа шығарғалы қашан. Жалпақ елді жалт қаратқан өнерпаздар өріп жүр мұнда. Солардың бірі де бірегейі – Мейрамгүл Кәріпжанова. Алматының емес, Қарағанды сахнасының жұлдызын жарқыратқан талант несі.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан алынды



• АҚЫН, АЛАШТАНУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ҚАЙЫРБЕК СӘДУАҚАСОВ – 80 ЖАСТА

Тұғырлы тұлға тағылымы

Ес біле бастағанда әжем де, әке-шешем де Қайырбек деген есімді жиі айтып отыратын. Жәй ғана емес, зор ілтипатпен, үлкен ризашылықпен айтып отыра бер еді. Қазір әжем де, әке-шешем де жоқ, сол Қайырбек деген есімді бүгін біз де ерекше құрметпен, қастерлеп айтып отырамыз. Ол кісі қоғам қайраткері, алаштанушы, ақын, жазушы, аудармашы, сазгер, суретші Қайрекен – Қайырбек Сәдуақасов. Шүкір, міне жетпіс өнері бір бойына сыйған Қайрекен сексеннің сентіріне шығып отыр. Кісілігі, еңбекорлығы мен ұлтқа қызмет етудің үлгісі болған ағамызға деген қошеметіміз қолымызға еріксіз қалам алғызды.

Қайрекеннің өмір баспалдақтарына көз жіберсек, «Ұлт», «Тіл», «Алаш», «Руханият» деген жүймдармен сол тағдырдың өзін туған топырағымен байланыстырып қойғандай көрінеді. Көргені мен түйгені мол ақсақалдың бойындағы беззаттық пен білім, сөз бен өнер, ұстаным мен жол-жосын кешегі сайын даланы дүбірлеткен Жидебай мен Жалаңтөстей баһадүр батырлардан, сөз қонып елді аузына қаратқан Қараменде, Шабанбай мен Жанғұттыдай шешен-билерден, Нарманбеттей ақындардан, Әлихан, Әлімхан мен Жақыптай көсемдерден, Дінмұхамедтей (Сұлтангалин) оқығандардан, Әсет, Күләш пен Манарбектей әнші-бүлбүлдерден, Аққыз бен Мағауиядай дәулеткер күйшілерден қалған аманат, адастырмайтын жол болса керек. Қайрекен дүние есігін ашқан Ахметжан қыстағы мен иісі Бұланбайға мекен болған ата-баба қонысы Шылым, Қасабай деген өңірлер көзе тұран мәдениетінің әйгілі ошағы Бигазы тауымен жапсарлас жатыр және отыз-қырық шақырымдай оңтүстікке жүрсеніз Алаш көсемі Әлиханның кіндік қаны тамған жері Желтау тұр, яғни Қайрекеннің аталары хан ұрпағының ордасымен ауылы аралас, қойы қоралас көрші қонып отырған. Осындай ұлттық рух ошағында, тектілік топырағында туған Қайрекеннің Абайдың «Ақыл өссе, ол түсісіз терең жақсылықты сүйемектіктен өрсе» дегеніндей, құндылықтардың асылы Алаш тақырыбын өмірінің мән-мағынасына айналдырып, сол ұстанымы өзінің қайраткерлік тұлғасын көріктендіріп тұрғанын көреміз. Қазақ руханиятына, өнері мен мәдениетіне үлес қосуға белсене араласып, кітаптар шығаруы, Әлихан мен Алаш мұрасын насихаттауы және жалпы Бөкейхан әулетінің көзі тірі үлкендерімен, әрі көсемнің өз кіндігінен тараған ұрпақтарымен етене араласып жүруі сол бағзы заманмен байланыс сабақтастығын күшейте түскендей.

Қайрекеннің әкесі Изатбек марқұм соғистан кейін қалаға көшіп барғанымен, елуінші жылдардың басында Қарағандыда қасібі де несібі де келісіп отырғанына қарамай, «Балалар орыстанып кетеді» – деп бір күнде «Ақтоғай қайдасың?» деп аудан орталығына көшіп келуді де «Ұлтым!» деп туған азаматтың сол маңдайындағы жазушыны тағы бір көрінісі сияқты. Мектеп бітіре салысымен, ерекше аттестаты дайын болмай, ағамызды тағы да сол тағдыр ауылда бір жыл жіпсіз байлайды. О бастан алдына биік мақсаттар қоя білген ағамыз сол кездегі бүкіл елдегі жалғыз Мәскеу энергетикалық институтына түсуге бел буады. Бірақ, орыс мектебін «Алтын медальмен» бітірген балаң жігіт ауылдан алдыстамады. Бес емтиханды да жақсы тапсырғанмен, Қазақстанға бөлінген орын төртеу ғана екен...

Бұл «Хрущевтің жылымығы» бітіп «Брежневтің тоқырауының» басталған кезі еді. Дәстүрлі тұрмыстың үзілмей, ән мен күйдің жанданып, кешегі тыйым салынған зиялылардың бірзасымен халық әнші-композиторларының ел арасына қайта оралған шағы, қазақтың «шестидесятниктері» де жеміс беріп қалып жұрт та рухани түлеу үстінде болатын. Қырда ұлттық құндылықтар қайтадан бұр жарған бір жаймашуақ кезеңде ел ішінде болуы ағамыздың елін сүйген азамат болып қалыптасуына өшпестей із қалдырғанына күмән жоқ. Қайрекеннің абыройлы ғұмырының кілті осында жатса керек.

Келесі жылы оқуға түсе алмаған соң ауылға баруға намыстанған ағамыз Қарағандыдағы «Гипроулетгормаш» ҒЗИ-ның автоматтандыру бөліміне лаборант болып орналасады. Қоғам өміріне араласуы дәл осы жерде, он жеті жасында басталады. 1961 жылы күзде болашақ жары Аманмен көңіл қосып, 1962 жылы Алматыдағы ҚазМУ-дің физика факультетіне оқуға түседі. Сол жылы тұңғыштары Ақмарал дүниеге келеді. Келер жылы бір жасқа толмаған нәрестені ата-анасына қалдырып, келіншегі Абай Атындағы ҚазПИ-дің орыс тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түседі.

Кейінгі курстарда оқумен қатар университеттің сол кезде жаңа бағыт болып есептелетін кафедраның лазерлік зерттеулер лабораториясында жұмыс істейді. 1968 жылы оқуды бітіре салысымен, ұсынған аспирантураға, Қарағандының пединститутында қызметке баруға ҚазМУ ректорының берген жолдамасына қарамай, екеуі ауылға оралуды жөн көреді. Тағы да туған топырақты, бірқасқа сапада, өзі бітірген мектепте, аудандық оқу бөлімінде, кейінірек аудандық партия комитетінде 1975 жылға дейін қызмет атқарады. Сонымен, отызында орда бұзып, әке батасымен туған жерден түлеп ұшып, өзінің қайраткерлік кезеңін бастайды. Облыстық, кейіннен республикалық деңгейдегі саяси-әкімшілік, идеологиялық, мәдениет, баспасөз қыз-

метіне араласы басталады.

Қайрекен жалпы саны жиырма бестен асатын әр түрлі тақырыптағы кітаптың авторы. Қайрекенмен сапарлас болу – бір ғанибет. Ұзақ жолда көңіл түпкірінде жүрген, көпшілікке беймәлім талай сырдың тиегі ағытылады... Сондай онтайы келген тұста әңгіме дәметіп тосын сұрақтар қоятын әдетіме басамын. Ағаның айтуынша, оқушы кезінде кітапханада бір газеттен ақын, жазушы, Қазақстан Үкіметін басқарған Сәкен Сейфуллиннің суретін көріп қалады. Ол кісінің бейнесінің ұнағаны сонша, Қарағандыдағы пионерлер слетіне бір топ орыс классиктерімен қоса Сәкеннің қарындашпен салынған портреттер топтамасын алып барады. Ойда-жоқта оның суреттері бірінші орынға лайық деп бағаланады. Мектеп бітіріп, Қарағандыда жұмыс істеп жүрген кезі болатын. Бір жолы күзде «Правда» газетінің бірінші бетінде Сталиннің жеке басына табынуын әшкерелеген қаулысына көзі түседі. Соған байланысты Сталиннің атымен аталған мекемелер, оқу орындары, көшелер атауы ауыстырылсын делінген. Оны оқыған он жеті жасар бозбаланың ойына бірден Сәкен түседі. Содан сол кеште қалалық партия комитетіне төрт бет хат жазады. «Сталин даңғылының орнына және қазақ драма театрына Сәкен Сейфуллиннің атын беру керек!» деген ұсыныс енгізеді. Хатты аяғына төрт жүзден астам студент пен көншілердің қолын жинайды. Біраз уақыттан кейін жолға келеді. Онда «Бүкіл Одақ бойынша Сталин көшелері Центральная деп ауыстырылсын деген нұсқау бар, ал енді театрға Сәкен есімі берілетін болды» деп жазылыпты. Одан кейін Жезқазған облысында басшы қызметтерде жүргенінде облыстық кітапханаға Сәкен Сейфуллин есімін беру, Жезқазған мен Жаңаарқада ескерткіштерін қою, атаулы музей ашу, тақырыптық мүшәйра өткізу, құсбегілердің республикалық «Салбуырны» сайысын және басқа шаралар ұйымдастыруға мұрынддық болған. Ақынның 100 жылдық мерейтойы туралы республика үкіметінің шешімі шықпай қойған тұста Қайрекен «Сәкенге төрден орын бұйыра ма?» деген мақала жариялаған. Жалпы, ағамыздың Сәкендей алып арысқа шаң жұтыпайтын сырын, жаны мұнтаздай тұлғаны Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның да жоғары бағалауының түп тамырын жаңаша сезіне бастадым.

...Жоғарыда айтылғандай, осы екі ортада Қайрекен ҚазМУ-ді бітіріп, өз қалауымен Ақтоғайға оралады. 1969 жылы аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып жүргенде Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектептің директоры, соғыс ардагері Қасенхан Алтынбековке арнайы барып сәлем береді. Ол кісімен жүздесу ерекше әсер қалдырады. Ойы да, сөзі де, болмысы да таза, мейлінше байыпты, білімі терең тарихшы, ісіне тиянақты, табиғатынан педагог болып жаралғандай тұлға екендігі бірден аңғарылады. Ол кісінің бәйбішесі, төрелерге жиен Күлшатай да – аудандағы алғашқы жоғары білімді ұстаздардың бірі. Екеуі де өз заманының нағыз зиялысы деп атауға тұрарлық жандар екендігі бірден аңғарылады. Қаскенмен талай күн дидарласып, бір-біріне деген сыйластық орныға бастаған тұста Қайрекен суыртпақтап, Әлихан жайында сұрай бастайды. Қаскен бастапқыда жалпы Шыңғыс хан, Жошы ханнан бергі төрелер шежіресімен ғана шектеліп, біртіндеп Бөкей ұрпағын таратып, олардың қоныстанған жерлерін тізбелеп айтады. Сөз аяғын «Әттен Әлиханның өзіне тете інісі Смахан ақсақалдың қайтыс болып кеткені. Ол кісідей зерделі, әңгімешіл, әділетшіл адам сирек. Ал енді Алматыда Әлиханмен немере Райымжан деген ақсақал тұрады. Біразға келіп қалды. Әлиханның Үгедеймен де араласып, Лизамен де өмір бойы хабарласып, хат жазысып тұрды. Қазіргі қалған көнеңнің көзі – сол кісі. Ол кісімен өзіне жақсы таныс, белгілі филолог-ғалым Дайырдың Мұқатайынан туған Әнеш араласып тұрады» деп түйеді. Бұдан кейін Қайрекеннің Қасенхан ағаман байланысы жиілей түседі. Екеуі бір-біріне үзбей хат жазысып тұрады. Қаскен болса Қайрекенмен дидарласып, әңгімелесіп қайту үшін Жезді-Жезқазған өңіріне бірнеше рет арнайы барып тұрған. Бұл Қаскен әйгілі археолог-реставратор, «Қырым аралы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Қырым Алтынбековтың әкесі.

Қ.Сәдуақасов алғашқы алаштанушылардың бірі ретінде Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков және Жақып Ақпаевтың ұрпақтарын тауып, 1992 жылы олардың туған өлкесі Ақтоғай ауданында өткен ғылыми-практикалық конференцияға, басқа шараларға қатыстырған. Оларға Жезқазған-Ұлытау өңірін аралатып, ұлы

бабалары Жошы хан, Алаша ханның мазарларына тәу етуді ұйымдастырған. Осы сапардың әсерімен Әлиханның Үгедейінің (Сергейінің) Мәскеуде тұратын тарихшы-ғалым ұлы Евгений Сергеевич ата-бабалары, сайын дала, өмір өткелдері жайында «Потрогать этот странный мир» топтама өлеңдер жинағын шығарған. Қайрекен кезінде оның біраз өлеңдерін қазақ



тіліне аударған. Сол сапардан қуаттанған Сырым Бөкейханов «Нельзя о прошлом позабыть» деген әйгілі әулеті туралы дерекке толы кітабын жазып шығарады. Бес рет толықтырылып шыққан кітаптардың барлығын Қайрекен «Өткен күнде белгі бар» атауымен қазақ тіліне аударған.

Кезекті бір ұзақ жол үстінде Қайрекеннен «Мәдениет саласына, оның ішінде көне ескерткіштерді қалпына келтіруге қаражат бөлу қашанда оңай шаруа болмаған. Сонау 1990-шы жылдары Жошы хан мен Алаша хан мазарларын жөндеуге қаражат қалай шештіңіздер?» деп сұраған едім, ол кісі алдымен бір күрсініп алды да, жүзі жадырп ұзақ әңгімесін бастап кетті.

Ағаның адам есімдері мен ерекше деректерге толы қызықты жауабын қысқарта баяндасақ, оқиға желісі былай өрбіген екен. Алаша хан мен Жошы хан мазарларының жай-күйі жайында өткен жазыра Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан, Карл Байпаков және біраз археологтар жазып кеткен. Одан кейін бұл мазарларда реставрация жасауға бірнеше рет талпыныс жасалған. Бірақ қаражат мәрдымсыздығы қолбайлау бола береді.

1997 жылдың жазында Жезқазған облысының мәдениет саласын басқарып жүрген Қайрекен Алматыдан Иманғали Тасмағамбетов телефон шалады. Амандық-саулықтан соң өзінің қысқа да нақты сөйлетін әдетімен бар айтқаны: «Мен басыңдан екі аптаға демалысқа сұрадым. Ондағы ойым қасиетті Ұлытау өңірі мен өзімнің туған өлкем Атырауды асықпай аралап шығу. Ең бастысы – бұл ресми сапар емес. Сондықтан ешкімге дабыра қылмай екеуіміз ғана аралап шықсақ. Сізден сұрайтыным сапар маршруты мен қоныс орнын белгілесеніз болды. Елді мекендерге соқпаймыз. Айдалаға шығамыз, сенімді көлік, қонытын орын керек болатынын өзіңіз де білесіз ғой». Екі күннен кейін «Менің жоспарымды достарым біліп қойыпты. Сіз танытын өнер адамдары. Ішінде ақын-жазушылар, «Қазақфильмнен» Сергей Азимов бар. Жалпы отыздан астам адам барайық деп отырмыз. Қалай, көтере аласыздар ма?» деп қайта хабарласады. Содан жолашылар бір апта бойы Ұлытау-Жезді өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді аралап, Едіге тауына шығып, олар туралы көптеген деректер мен аңыздарды тыңдап, әбден риза болады. Именің өтініші бойынша елді мекендерге соқпай, тау қойнауындағы көгалды бұлақтың басына тігілген киіз үйлерде қонып, жақсы тынығады.

Келген топ Атырауға аттанар алдында Именің «Ал, Қайреке, бұл сапарымызды біздің іштей күткендігімізден де әлдеқайда мазмұнды, әсерлі, жарасымды оқиғаларға толы рухани шаттыққа айналдырып жібердіңіздер. Барлығымыздың атымыздан мың да бір алғыс сіздерге. Енді біз менің туған өлкем аттанамыз. Күнде келе бермейміз. Бізге айтатын өтініш-тілектеріңіз бар ма?» – деп сұрайды. Сонда Қайрекен «Біздің буынның мойнында тұрған аса жауапты шаруа – тарихи ескерткіштерді аман алып қалу. Жошы хан мен Алаша ханның мазарларының жайын өздеріңіз көрдіңіздер. Оларға қазір кешенді түрде реставрация жасамасақ, күні ертең айырылып қалуымыз мүмкін. Өйткені, оларды ғылыми терең зерттеп жүрген мамандардың қатары мүлде сиреді. Қысқасы, осы екі мазарды реставрациялауға қаражат

мәселесін шешіп берсеңіз, тарих та, халық та батасын береді». Оған Именің «Сіз жеткізе айттыңыз, мен жетеме құйдым. Алматыға оралған соң өзім хабарласам» деп жауап қатады.

Арада бір айдай уақыт өткенде Именің хабарласып, Қайрекенді Алматыға шақырады. Именің «Сүйінші, Қайреке!» деп қарсы алады. Сөйтсе Именің өтініші

Елена Христофоровна кенеттен дүниеден озды деген қайғылы хабар жетті. Бұл деректер Қайрекеннің «Шедевры степной архитектуры» атты көлемді мақаласында кеңінен баяндалған екен.

Бір жолы «Сіз өмірі қазақ тілін оқымаңыз, бәйбішенің де орыс тілі мен әдебиетінің маманы, балаларыңыз да орыс мектептерінде оқыған, соған қарамастан бәріңіз, оның ішінде Германия, Финляндияда оқып, қызмет атқарған немерелеріңіз де бәрі қазақшаға сұдай, қазақша сөйлеңіз, оқып, жаза береді. Осында не сыр жатыр?» деп сұраған едім. Оған ағамыз «Түк те сыр жоқ. Біріншіден, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген. Екіншіден, ұлттық намыс деген бар. Не Отаны, не туы жоқ сығандар ғасырлар бойы өз тілі мен дәстүрін сақтап келе жатыр емес пе? Балаларым қазақша сөйлемесе, мен «Қазақ тілі» қоғамын басқаруға моральдық құқық болмас еді. Ұлттық тілсіз мемлекет құрдымға кетеді. Міржақып «Оян, қазақ!» деп ұрандаса, Жұбан «Мен қазақпын» деп жігерлендіре мәлімдесе, менің ойымша қазіргі дарынды, еңселі жастар «Мен қазақ ұлтының өкілімін» деген оймен өмір сүруі және әрекет етуі керек. Халқымыздың қайталанбас асыл қасиеттері бойына сіңген нағыз ұлтжандылық осында жатыр. Ал енді осы тұрғыдан болашаққа күн салып көз жүгіртсем, алаңым тереңдей түседі. Қазақ тілінің түп тамыры да, бар сөл-мәйегі де ауылда жатыр. Ал ауыл барған сайын қусырылып, жоғалып барады. Сондықтан, ауылдың жағдайы, яғни ұлттық тілдің жағдайы мемлекеттік деңгейде түбегейлі өзгертілуі қазіргі таңдағы ең өзекті мәселеге айналуы керек. Жалпы, мезгілінде айтылмаған сөздің атасы өледі деген. Ертең кеш болуы әбден мүмкін. Бүгін салынбаған құрылыс ертең салынады. Ал бүгін жабылған ауылға ертең жан бітіре алмайсың. Фараби тілін, Абай тілін, Ахмет пен Мағжан тілін сақтай алмасақ, дүбара болып қалған, ұлтжандылықтан ада өз ұрпағымыздың қарғысына ұшыраймыз ба деп үрейленем.

Қ.Сәдуақасовтың ұлттық құндылықты бойына барынша сіңіруі, заманның жетік ғылым-білімін игеруі, ой-өрісінің кеңдігі, екі тілде еркін-еркін сөйлеп жазуы, сөз қадірін білуі әрі сол сөзге шешендігі, ондыққа тігізетін орысша юморы мен қалпақты түсіретін қазақша қалжыны да оның жоғары интеллектісінің, қай тақырыпқа салсаң да айтатыны бар, жан-жақты энциклопедиялық білім несі екенінің көрсеткіші. Ғылым-білімді болу Абай айтқан «толық мінездің» бірінші қасиеті. Мамандығы физик бола тұра ақын-жазушылыққа, өнер мен мәдениетке жақын жүруі – әрісі сол алаш қайраткерлерінің жолы болса, берісі академиктер Қаныш Сәтбаев, Енсей Букетов, жазушы Илия Есенберлин мен өзі тонның ішкі бауындығы араласқан ақын, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтардың үлгісі болатын. Оның оқуға деген құмарлығы соншалықты, мектепте жүргенде кітапхана өртеніп, жабылып қалған соң, түнде барып кітапхананың төбесінен түсіп «қрлап» кітап оқып жүрген кезі де болған.

Сөз басында Абай айтқан толық мінезді адамның үш қасиетінің енді бірі әділет болатын, әділетшіл қоғам қайраткері болып қалыптасқан ол 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысушы жезқазғандық студент жастарды жақысыз жазадан арашалау ісімен белсене айналысты.

«Адамның жақсы болуының бір шарты – жақсы ата-ана» дейді тағы Абай. Марқұм Изатбек ағамыз бен Сара Әжеміз өз ортасына, елге сыйлы, еңбеккер, ісі мен сөзі тұзу, адал жандар болған. Изатбек ағамыздың қолының шеберлігі мен сөз шеберлігі қатар жүріп, қалжынымен де түйреп отыратынын көзқорғандар әлі айтып отырады. Ағамыздың інісі Нақыпбек: «Қайрекен екеуіміз туғаннан бастап еңбек етумен келеміз» дейді. «Өкен ұрыса ол да махаббаттан» демекші, ұрпағын еңбекке ерте баулыған, тәрбиенің үлгісін көрсете білген Изатбек ағамыз мен Сара Әжеміздің рухтары шат болсын дейміз.

Біз ол кісінің бойынан оның замандас-құрдастарынан көріне бермейтін бір нұрланған ақсақалдық келбет көреміз. Сонымен қатар адамның көңілін доп бастатын елгезектігі, салмақ салмайтындығы, заманына қарай бейімделіп отырғышытығы, аз ғана жетістігіне риза болып, байқап отыратындығы мен қызғаншақтық, көрел-амаушылық деген пендешілік сипаттан адалығы.

Қайрекеннен қазір хал сұрасаң әдеттегідей қалжынына басып: «Менің ағзам басқалардыкіне қарағанда күрделірек екен, мына дәрігерлер ақауды көп таба беретіні болды» дейді. Төні күрделі болса да, жаны қарапайым, рухы биік ағатайымызға денсаулық пен шығармашылық табыстар тілейміз. Аттан түспей арамызда жүре беруді нәсіп қылысын, Сіздей қазиналы, берері мол ақсақалдың құндылығын бағалай білетін ұрпақ та көбейе берсін!

Сұлтан БЫБАРЫЙ,
алаштанушы

АСТАНА

• ҚҰРМЕТ

Бір туғаным

Біздің ауыл – Қарағанды өңірінің шығысындағы ең шеткі нүкте. Мәдинің әнімен мұқым қазаққа әйгілі болған Үшқараның етегінде жатқан алақандай ғана Айрық елді мекені. Ауылдың қақ ортасындағы мектеп осындағы тіршіліктің жүрегі сияқты. Әбден әлсіреген науқасты жүрегінің мықтылығынан ғана жатыр деуші еді, біздің ауылдың да ауыл атын сақтап, әлі күнге дем беріп келе жатқан – осы мектеп. Заманында бір мезгілде төрт жүздей бала оқыған қарашаңырақ қазір жиырма шақты баланың сауатын ашқан бастауыш мектеп қана болып тұр. Біздің үйдің он баласының сегізі осы мектепте оқып, білім алды. Зәмзәгүл әпкем осында отыз жылдан астам уақыт бойы бала оқытты. Осында жүріп бүгінде, міне, бесінші мүшеліне иек артты.

Мен мектеп табалдырығын аттайтын 1981 жылы осы білім ордасының алғашқы түлектері үлкен өмірге қанат қатты. Солардың бірі Зәмзәгүл апам еді. Ол деген кеңестік қызыл идеологияның шырқап тұрған шағы. Дәл осы түлектер бастама көтеріп, өңір жастарына үндеу жариялады. Оның мәнісі – он жыл бірге оқыған балалардан құралған сынып шашауы шықпастан, ерікті түрде бір жылға шопандар бригадасына бару болатын. Сол кезде ерікті деп айтқанмен, негізі бұл бастама ауыл-ауданды басқарып отырған парткоматтардан болғанын кейін білдік қой. Бір жыл қой бағып қайтпаған балаға аттестат берілмеді. Содан кейін кім бас тартып, қарсылық таныта алады. Не керек, «Айрық» совхозында «Жұлдыз», «Балауса» деген екі комсомол жастар бригадасы құрылып, тұңғыш түлектер Басқұдық пен Едірей бөлімшелеріндегі шопандарға көмекке жіберілді. Өрімдей қыз-жігіттер жаздың аптабына, қыстың аязына қарамастан, 1982 жылдың ортасына дейін қой бақты. Қырықтық, сақман науқандарына да қатысты. Сол кездің үл-қыздары істеген шаруаны қазіргі дауыс көтерген мұғалімнің сотқа сүйрейтін жеткіншектер жасай алар ма еді?! «Көпшен көрген – ұлы той» деген сол, жылға жуық уақыт та өте шығып, жастар жан-жаққа тарайды. Ол кезде совхозда да жұмыс жетеді. Біразы ауылда қалып, енді біразы әрі қарай оқу үшін қалаға аттанды. Оқу деген-



де, басқа жақты білмедім, ол уақта біздің ауылдан жоғары оқу орнын көздеп баратындар некен-саяқ. Өздеріне сенімсіз бола ма, институтты қол жетпес дүние көре ме, қайдам. Оны айтсаңыз, облыс орталығы Қарағандыда тұратын туысы тұрмақ, әншейін танысы бар ауылдастарымыз саусақпен санарлық еді. Қазақты ауылдан аттап бастырмаған сондай да заман болды ғой.

Әкем Зәмзәгүл әпкемді Саранның Абай атындағы педагогикалық училищесіне алып барды. Бұдан кейінгі әпкем Бақшагүл де жыл бұрын сегізінші класты бітірісімен барып, сонда оқып жүрген. Екеуі бірге болсын деді ме, үйренген соқпағы ма, әкей әйтеуір, мұғалімнің оқуына тағы бір қызын апарып, ауылға көңілін демдеп қайтты. Алайларымның қалада оқығаны үйдегі мен сияқты қара сирақтарға жақсы болды. Каникул сайын артынып-тартынып келетін олардың қызылды-жасылды, тәтті-дәмді базарлықтарының дәмі таңдайымда өмір бойына қалды. Әсіресе, маған деп небір әдемі кітаптар әкелер еді. Кейін қалам ұстап, сөз саптауды үйренгенім де сол бір ғажап шақтардың,

көркем дүниелердің арқасы болар. Құлшат шешем демалыстан қаладағы оқуларына қайтарда екі қызды тең-тең азық-түлігі мен керек-жарактарын түгендеп шығарып салады. Екеуі де оқуларын 1984 жылы тәмамдады.

Бүгін әңгімелеп отырған апайым Зәмзәгүл Қауысова оқу бітірген жылы жолдамамен Егіндібұлақ ауданының Абай совхозына қарайтын Тоқай бөлімшесіндегі бастауыш мектепке жіберілді. Сол кездегі өкімет те қызық, қаршадай қызды айдалаға жолдай салады. Әйтеуір, абырой болғанда, әлгі ауылда әкеміздің Сайлаухан деген ескі досы тұрады екен, әпкем бір жыл бойы сол үйде тұрып, қызмет істеді. Шешем жарықтыққа он баласынан алғаш табыс тауып, жәрдем көрсеткен үлкеніміз де осы апайым болды. Бірнеше айлығын жинап, бір тиынын жұмсамай анамызға әкелетінін, оны шешеміз басқа балаларының керегіне жарататынын апам қазір күліп отырып да, анамызды бір қуантқан шағын сағынышпен еске алады.

Әпкеме одан кейінгі жылы да ауылымыздағы мектептен орын бұйырмай, 1985 жылдың қыркүй-

егінде өз совхозымыздың Едірей сегізжылдық мектебіне ауысып, екі тоқсан сондағы бастауыш сыныптың балаларын оқытты. Келесі жылдың қаңтар айында ауыл кадрмендісі Тельман Әукішұлының үлкені Төлегенмен шаңырақ көтерді. Тек содан кейін ғана совхоз орталығындағы Айрық орта мектебіне келіп, осы жерде табан аудармастан отыз жыл бала оқытты. Өзінен бұрынғы әріптестерінен үйреніп, кейінгілерге үйретті. Атын жаза алмайтын кезінде алдына келген талай балдырғанның сауатын ашып, болашағына бағдар берді. Отыз жылда он бес министр ауысқан Қазақстандағы білім беру саласының ыстығы мен суығын көрді, бірнеше реформаның оң-теріс салдарын басынан өткерді. Оқулықтар жылда ауысқан кездерде көбінесе өз тәжірибесіне сүйенді, өзінше ізденіп бақты.

Өттеген-айы сол, кейінгі он жылдың мұғдарында ауыл білімінің қарашаңырағы, бала санының азаюына байланысты, әуелі тоғызжылдық, одан кейін бастауыш мектепке айналып, кейін мүлде көрші ауылдағы мектептің филиалы болып қалып еді. Әйтеуір, бала саны жиырмаға жеткен соң, биылғы жылдың басынан бастауыш мектеп мәртебесін қайтарып алды.

Зәмзәгүл апам қазір үлкен әулеттің отанасы болып отыр. Төлеген жездем екеуі – қыз ұзатып, келін түсірген, немере сүйіп, соларды қызықтап отырған бақытты ата мен әже. Енді екеуінің бар тілегі де, тілеуі де солардың үстінде.

Бастауыш мұғалімінің екінші аты – алғашқы ұстаз. Оны шәкірттері ешқашан есінен шығармақ емес. Осы күндері алпыс жастың асқарына абыроймен шығып отырған Зәмзәгүл мұғалім де талай жанның жадында жатталып қалғаны сөзсіз. Бейнетпен ғұмыр кешкен әке-шешеміз тоқсаншы жылдары алпыс жастан да аса алмай, ауыл қорымынан дамыл тапты. Солардың жасамаған жасын сіздер жасаныңыздар. Бәріміз жан-жаққа кеткенде туған жерден тамырын үзбей, өз түтінімізбен қалған сізге, сіздің шаңырағыңызға әрдайым тілекшіміз. Ғұмыр жасыңыз ұзақ, бұйырған бағыңыз баянды болсын, жан ана!..

Болатбек ҚАУЫСОВ

Мағауия Медетбекұлы САТЫБАЛДИН

Шет ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласының Құрметті ардагері, мемлекеттік қызмет ардагері Мағауия Медетбекұлы 82 жасқа қараған шағында 5 наурыз күні өмірден өтті.

Мағауия Медетбекұлы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында 1959 жылы аудан орталығында Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, Ақмоланың ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны 1964 жылы үздік тәмамдады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің инженер-механик мамандығын алады.

Еңбек жолын 1964 жылы Орджоникидзе атындағы совхозда қатардағы механиктен бастайды. Жас маманның қарым-қабілетін көрген аудан басшысы оны Ақтөбе қой кеңшарының бас инженерлік қызметіне тағайындайды.

Бұл кеңшарда Мақан жұмысқа деген ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, аудан көлемінде жаңашыл көзқарастарға білікті маман ретінде танылып, 1973 жылы жаңадан құрылған Ақадыр ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженер-механик қызметіне көтеріледі.

Уақыт талабына сай аудан шаруашылықтарына мал азығын дайындау мен оны тасымалдау жұмысында жаңа рационализациялық ұсыныстарды өндіріске енгізу арқылы техникаларды пайдалануды жетілдіре отырып, еңбек өнімділігін арттырады.

1977-1988 жылдары ауданның Кәрім Мыңбаев атындағы асыл тұқымды қой кеңшарының директорлық қызметін абыроймен атқарады.

1988-1997 жылдары Ақадыр ауданының ауыл шаруашылығы саласында басшылық етті.

1997-1999 жылдары Шет ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының бірінші орынбасары қызметін атқарған.

1999-2005 жылдар аралығында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Шет ауданының аумақтық басқармасының басшысы қызметін атқарып, құрметті зейнеткерлік демалысқа шығады.

Әрі қарай 2008-2012 жылдары ауданның Мәслихатының депутаты болып, ауданның қоғамдық жұмысына белсене атсалысады.

Мағауия Медетбекұлының еңбегі бағаланып, 1964 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» мерекелік және 1976 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен наградталған.

Әр жылдары ауданның, облыстық және Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған. Екі мәрте ауылдық, аудандық Кеңестің депутаты болып сайланған.

Отбасында 5 бала: ұл, қыз тәрбиелеп, балалары мен немерелеріне ыстық ықыласын берген ауылы жар, мейірімді әке, сүйікті ата болды. Бір әулеттің ғана емес, ауданның қазыналы қариясы бола білді.

Ардақты ардагер, кадрлі ақсақалымыз Мағауия Медетбекұлының отбасына, жары Рысжанға, туған-туыстары мен балаларына қайғысына ортақтасып, қайғырып көңіл айтамыз. Мағауия Медетбекұлының жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

М.МУХТАРОВ, С.СОЦИАЛ, Д.КАРСЕМБАЕВ, М.ЖҰМКИН, О.СТЫБАЙ, М.ЖАНКИНА, Н.ТӨЛЕУҚҰЛОВ, Б.АРЫСТАНБЕКОВ, О.ҚЫЗЫЛОВ, Е.КЕНЖЕБАЕВ, Б.ЖҰМКИН, Е.ЖӘНІБЕКОВ, Ә.СМАҒҰЛ, Б.БАДАНОВ

№85

• АКЦИЯ

«ДосболLIKE» – бала қауіпсіздігі үшін

Биыл еліміздегі 2 миллионға жуық оқушы «ДосболLIKE: достық қолын сөз» акциясына қосылды. 10 000-нан астам іс-шара өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«ДосболLIKE» жобасында әрбір оқушы өзінің даралығын, ішкі әлеуетін, шығармашылық қабілетін көрсетті.

Бағдарлама ағымдағы жылдың наурыз айында пилоттық режимде басталды. Сәтті өткеннен кейін «ДосболLIKE» бағдарламасын бүкіл ел аумағында кеңейту жоспарлануда. Аталған бағдарлама қауіпсіз оқу ортасын құру үшін маңызды қадам, онда әрбір бала өзін қорғалған адам ретінде сезіне алады, – дейді Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Бағдарлама студенттердің жанжалдарға пайымды түрде жауап беру дағдыларын қалыптастырады. Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытып, тұлғааралық және топаралық қатынастарды оңтайландырып, әл-ауқатын арттырау бағытталған.

Техника дәуірінде жас буынның жан-жақты, бәсекеге қабілетті және алғыр болып өсуі – аса маңызды.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Ананың аяулы ғұмыры

Уақыттың құны ерекше. Көп жағдайда парықсыз пенде ғана өзіне берілген шектеулі уақыттың бағасын ескермейді. Өтіп жатқан әрбір сәт өміріміздің қайтып келмес бөліктері. Мен бүгін, сондықтан да, Аналар мерекесі қарсаңында амамды айтып мақтанамын. Амам жұлдырлық күнінен бақыты мен бағын еңбектен тапқан жан. Қырда бел жазбай тер төккен көнекөздердің бірі әрі бірегейі. 1950 жылы Шет ауданының Ақтөбе ауылында дүниеленген ашқан анам – Ақбөпе Рашитова бүгінде ақ жаулықты әже, аяулы ана. Саналы ғұмырына ауылдың бар тірлігіне, отбасына, жарына, туған-туысына арнаған көнекөз аналардың қатарына.

Анамның әкесі – Рашит Қымызбаев елге сыйлы ұста екенін айтатын сол кезде көзкөргендер. Көрік ұстап, темірден, ағаштан түйін түйген ұста болса керек. Ал, әжем – Рахия Қымызбаева атамның ұсталығына қолғабыс етіпті. Өңірге мәлім ұстаның екі ұлдан кейінгі жалғыз қызы осы менің анам екен. Жасынан мандайына жел тигізбей өсірген дара қызын нағашы атам өзге баласынан ерекше көріпті. Анам бала кезінен әкесінің еңбек еткенін санасына тоқып, өзі де тынымсыз еңбеккер болды. Бала күнімізде әкеміз Аманжол түзде жұмыспен кеткенде бел жазбай үйдің бар тірлігін өзі атқарар еді. Сонда қабақ шыртып еді. Сол уақыттағы аналарға тән мінез талай ердің мерейін тасытып, мәртебесін асырғаны да рас еді. Сондай жардңд бірі – менің анам-тұғын.

Жалпы, анам онжылдық мектепті бітіріп, «Көркем» тұрмыстық үйінде терімші болып еңбек етіп жүргенінде Ақсу ауылындағы Әбкең (Әбеуовтер) әулетінің та-



балдырығын келін боп аттапты. – Бұл кезде мектепті енді бітірген мені болашақ анам – Зықш мандайымнан сүйіп, қарсы алып, «өзі де адам болатын бала екен, бетінен қақпаңдар» депті басқаларға. Сол уақытта екінші анамның денсаулығы сыр беріп жүрген

екен. Екі анамның батасының арқасында жолым ашық болды, – дейді анам.

1974 жылы «Ақсу» комсомол жастар бригадасы құрылып, әкем Аманжол – аға малшы ал, анам – сауыншы ретінде осы ауылдың түтінін түзу ұшуына өзіне үлес қосқан-ды. Ақсу ауылы дәуірінде мейманасы тасыған ауылдың бірі еді. Онда осы менің әкем мен анам қатарлы азаматтардың ерен еңбегі жатыр.

Анам 1987 жылдан бастап денсаулығына байланысты ауылда орналасқан сүт зауытында тер төкті. Әкем екеуінің еңбегі ақталды. Адал еңбектің еш кетпейтінін түрлі марапаттары тағы бір көрсетті. «Еңбек ардагері» медалі, облыс, аудан деңгейінде Құрмет грамотасымен марапатталуы – соның айғағы. «Жазмыштан озмыш бар ма?» Әкем 61-ге қараған шағында дүниеленді. Содан бері зымырап 16 жылдай уақыт өтіпті.

Әкем мен анам 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда бәріміз жан-жақта, қызметтеміз. Қайран анам әкемің қарашаңырағында түтінін түтетіп, немере мен шөбере көріп, аяулы әже атанып отырған жайы бар.

Анам көнеңің көзінде, бір дәуірдің өзінде. Отанның тыныштығын жатса-тұрса тілейді. Отан аман болса, елдің де, отбасының аман боларына ананың жүрегі алқаусыз сенеді...

Алмагүл ӘБЕУОВА

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі тыл еңбеккері, партия, кеңес қызметінің ардагері, халқымыздың аяулы ұлы Нығмет Нұрмақовтың қарындасы Қайша Нұрмақованың қызы
Тамара Тағатқызы СМАҒҰЛОВАНЫҢ
90-ға келген жасында қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Электрондық пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімінің телефоны:
43-21-55

ТОО «МЫҚТЫ ҚОРҒАУ»
ВСЕ ВИДЫ ОХРАННЫХ УСЛУГ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И КОММЕРЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЙ
Ерубаева, 34, оф. 307, тел.: 8 (7212) 50-77-17, сот.: 8-701-173-90-87, 8-700-394-98-00
Лицензия на все виды охранных услуг за № 16018832 от 09.12.2016 года. Лицензиар ГУ «ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ МВД РК»

Қарағанды Шинсервис
ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдетілген үлгілер үшін
• жеңілдетілген үлгілер үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

БӘ АРАҢ ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
БӘ АРАҢДА БАҒА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Ару жаны – аптақ таңдай арайлы!

• ФОТОЭТЮД



Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БАЙҚАУ

Пай-пай, қазақтың келіндері-ай!

Балқаш қаласының М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында әйелдер қауымының мерекесіне орай отбасылық құндылықты бағалау, ұлттық салт-дәстүрді ұлықтау мақсатында келіндер байқауы өтті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталмыш байқауға бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен, қасиеті бойынан табылған, сымбаты мен сәні келіскен 8 келін қатысты. Олар төрт кезең бойынша сынаға түсті. Қатысушылар алдымен отбасы туралы әңгімелейтін бейнероликтер арқылы өздерін таныстырып, «Өнерлі келін – өнегелі келін» бөлімінде бірі тәлім мен тәрбиесі ұшасқан он шырқаса, тағы бірі би биледі. Енді бірі Мұқағали Мақатаевтың «Сәби ана», Төлөген Айбергеновтің «Ана», «Жетім қыздың» монологу сынды шығармаларды орындап, әртістік шеберліктерімен көрермен көзайымына айналды. Көркемсөзді мәнерлеп оқып, колонер бұйымдарын жасағандары да болды.



Сурет шығармашылығы

болсаң, озып көр» кезеңінде ұлттық құндылықтар мен әдеп-ғұрыптарға қатысты ситуациялық сұрақтар билет түрінде ұсынылып, келіндердің білімі мен ой ұшқырлығы сыналды. Жас келіндер өз әулетінің дәрежесін арттырып қана қоймай, ата-бабаларымыздың ұмыт қалып бара жатқан кейбір салт-дәстүрлері мен жөн-жоралғыларын қайта жаңғыртты.

Нәтижесінде, әділқазылар алқасының шешімімен бас жүлдені Дәулетбай әулетінің келіні Сағынжан Сандап жеңіп алды.

Қарағанды облысы Абай ауданының тумасымын, екі жыл бұрын Балқашқа келін болып түстім. Келіндер байқауына күйеуімнің қол-

дауымен қатыстым, ол өнер саласында жұмыс істейді. Бірінші кезең отбасымызды таныстыру және қайын атамның маған бейнежазбада бата беруінен басталды. Шығармашылық кезеңде «Жетім қыздың» монологтарын» монологын оқыдым. Үшінші тур «Ат тергеу» дәстүріне арналды. – келіндер қайындарына есімдерді қалай беретіні туралы әңгімеледім. Дәстүр келінің тапқырлығын, ақылдылығын және ең бастысы білімін көрсетеді. Гастрономиялық турға дәстүрлі қазақ тағамы «қарын бұрма» дайындадым. Байқаудың бесінші кезеңінің сұрақтарына лайықты жауап бердім деп ойлаймын, – деп бөлісті Сағынжан Сандап.

Ал, 1 орынды Ыдырыс әулетінің келіні, 2 баланың анасы Әсем Мұхамбетжанова, II орынға Мәметалиевтер әулетінің келіні Құралай Тоқтамыс, III орынға Қожағұл ата әулетінің келіні, 4 баланың анасы Назерке Оспан ие болды. Қалған барлық қатысушылар Алғыс хатпен марапатталып, Балқаш қалалық мәдениет бөлімі мен байқауға демеушілік еткен қалалық кәсіпкерлер атынан сый-сияпат алды. Ұйымдастырушылар биыл бірінші рет өткізілген байқаудың алдағы уақытта жалғасын табатындығын жеткізді.

– Бұл байқауды жас ұрпаққа халықтың салт-дәстүрлерінің барлық сұлулығы мен құндылығын, қайын ене мен келінге қандай орын берілгенін, олар отбасының негізі екенін көрсету үшін ұйымдастырдық, – дейді мәдени-демалыс орталығының әдіскері Әйгерім Қызданова.

БАЛҚАШ

• ЖӘДІГЕР

«Ақ жаулық – аналардың алтын тәжі»

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «Кимешек – аналардың алтын тәжі» атты көркем-этнографиялық көрме ашылды. Әйелдер бұл бас киімді балалы болғаннан кейін ғана киіп, әлеуметтік мәртебесі мен жасын білдірген. Қазақ әйелдерінің ақ жаулығы – ғасырлар өтсе де, тектіліктің және ой тазалығының бейнесі болып қалды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кимешектің пайда болу тарихы Х-ХІ ғасырларға тән. Ғалымдар Орта Азиядағы әйелдердің бас киімдерінің 16 түрін атап өтеді. Уақыт өте келе, бас киім киелі мағына иеленді. Көрмеге 30-шы жылдардан бастап, мұражай қорында жиналған оннан астам кимешек қойылды. Көрменің ашылуында «Сервис» және технология және сервис колледждерінің студенттері ұлттық киім топтамаларын, ал, балалар мен жасөспірімдер сарайының тәрбиеленушілері концерттік нөмірлерін көрсетті.

– Ең көне кимешектердің кейбірі ХІХ ғасырдың аяғына жатады. Оларды бізге өңіріміздің тұрғыны сыйға тартты. Олар – Семей губерниясының Тобықты руынан шыққан әжейте тиесілі болған. Бұл кимешектер жас әйелге арналған. Әйел бірінші баласын дүниеге әкелгеннен кейін кимешек киген. Ал, балалар туылғанға дейін ол өзінің ұзатылған кездегі бас киімі – сәукеле киген. Барлық кимешектер ақ түсті болады. Аза тұту кезінде де қалың қарашан ақ бас киім кететін. Ақ түс – қасиетті, бұл ана сүтіннің түсі, тазалық. Кимешектер шашты қорғауға, мойын мен иықты жабуға арналған, бірақ, әйелдердің беті арқашан ашық болатын, – дейді Қарағанды тари-



Сурет облыс әкімінің сарайынан

хи-өлкетану мұражайының экскурсиялық-бұқаралық жұмыс бөлімінің менгерушісі Зәуреш Тебаева.

Бас киімдер жас санаттары бойынша бөлінген. Әйел жас қосып, орта жасқа келгенде, барлық зергерлік бұйымдар кимешектен алынып тасталды. Сондай-ақ, безендірілмеген кимешек әйелдің күйеуінен айырылғанын көрсетуі мүмкін. Жесірлер бас киімдеріне зергерлік бұйымдар тақпаған. Жарқын ою-өрнектер мен әшекейлер көрінбеуі үшін кимешекті ішін сыртына айналдырып киген. Әйел немерелі, шөберелі болған кезде кимешекке сәлде таққан. Сәлде неғұрлым

жоғары болса, әйелдің жағдайы, оның беделі, мәртебесі соғұрлым жоғары болған.

Көрмеге Орталық Қазақстанға тән кимешектер қойылды. Олар ақ матаның бірнеше бөлігінен тігіліп, артық

жағы кейде еденге дейін созылған.

– Коллекциямыздағы кимешек 1983 жылы біздің мұражайдың жана экспозиция үшін арнайы тігін үйінде тігілген. Ол ежелгі кимешектердің сипаттамаларына сәйкес жасалған. Жас әйелге арналған бас киім «қошқар мүйіз» өрнектері бар, сонымен қатар, өсімдік ою-өрнектерімен безендірілген, етегі ұзын. Ұсынылған кимешектердің көпшілігі этнографиялық зерттеулер барысында жинақталған, – дейді Зәуреш Тебаева.

«Кимешек – аналардың алтын тәжі» көркем-этнографиялық көрмесі 14 наурызға дейін жалғасады.

Газеттің келесі саны сейсенбі, 12 наурыз күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісулы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Оскараров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJVBZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 485

№ 28 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**